Жапония саясатында билік басында ұзақ мерзімде қызмет атқаратын немесе екінші рет сайланатын премьер-министрлер өте сирек кездеседі. Синдзо Абэ билік басына 2012 жылы екінші рет сайланған премьер-министрлердің бірі болып танылды. Оның 2006-2007 жылдардағы алғашқы билігі сәтсіздікке ұшырағанымен, бұл оның қателіктерін түзетуге екінші мүмкіндік алуға кедергі болмады. Екінші рет келген кездегі оның ұсынған саясаты «Абэ доктринасы» терминімен белгілі. Абэ Доктринасы Синдзо Абэ кабинеті кезіндегі Жапония саясатының ұстанған негізгі бағыты ретінде мемлекеттің қауіпсіздігін алдыңғы қатарға қоя отырып, Екінші Дүниежүзілік соғыс кезіндегі қылмыстарын үнемі еске салып отыратын Шығыс Азия мемлекеттерінің антижапондық көзқарастарына қарсы тұру, экономикалық жағдайды дамыту, Қытаймен қарым-қатынасты біржақты шешу болды. Осылайша, Абэ Доктринасы бойынша бірнеше қағидалар құрылып, олардың негізінде Жапонияның ішкі және сыртқы саясатындағы өзгерістерді енгізу мен даму процестері жүргізіле бастады. Алайда, осы Доктрина қабылданғаннан бері біраз жылдар өтті, ал Синдзо Абэнің кабинеті жаңа премьер-министрдің басқармасына көшті. Бұл мақалада Абэ Доктринасының мақсаттары, оның нәтижелері мен салдары, сондай-ақ Доктринаның Жапония сыртқы саясатына тигізген әсері мен өзгерістері талқыланады.

Түйін сөздер: Синдзо Абэ, доктрина, Жапония, сыртқы саясат.

D. Samarkhan^{1}, Zh. Ashinova¹*

¹ *Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan*

THE SHINZO ABE DOCTRINE IN JAPANESE FOREIGN POLICY

Abstract

In Japanese policy, it is very rare to find prime ministers who hold long-term positions in power or are elected for the second time. Shinzo Abe was recognized as one of the prime ministers newly elected to power in 2012. Although his first reign in 2006-2007 failed, this did not prevent him from getting a second chance to correct his mistakes. One of the policy changes he proposed during his second reign is the Abe doctrine. According to the Abe Doctrine, several principles were formed, on the basis of which the processes of introducing and developing changes in Japan's domestic and foreign policy began to be carried out. However, many years have passed since the adoption of this doctrine, and the cabinet of Shinzo Abe came to the board of the new prime minister. This article discusses the goals of the Abe doctrine, its results and consequences, as well as the impact and changes of the doctrine on Japan's foreign policy.

Key words: Shinzo Abe, doctrine, Japan, foreign policy.

Самархан Д.Д.^{1}, Ашинова Ж.Е.¹*

*¹ Казахский национальный университет имени аль-Фараби
г. Алматы, Республика Казахстан*

ДОКТРИНА СИНДЗО АБЭ ВО ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ ЯПОНИИ

Аннотация

В японской политике очень редко встречаются премьер-министры, которые занимают длительные посты у власти или избираются во второй раз. Синдзо Абэ был признан одним из премьер-министров, вновь избранных к власти в 2012 году. Хотя его первое правление в 2006-2007 годах потерпело неудачу, это не помешало ему получить второй шанс исправить свои ошибки. Одним из изменений в политике, предложенных им во время второго правления, является доктрина Абэ. По Доктрине Абэ были сформированы несколько принципов, на основе которых стали проводиться процессы внедрения и развития изменений во внутренней и внешней политике Японии. Однако с момента принятия этой доктрины прошло немало лет, и кабинет Синдзо Абэ перешел в правление нового премьер-министра. В плане актуальности, Доктрина Абэ стала одной из причин рассмотрения не только внутренней политики государства, но и решения некоторых проблем во внешней политике. В данной статье обсуждаются цели доктрины Абэ, ее результаты и последствия, а также влияние и изменения доктрины на внешнюю политику Японии.

Ключевые слова: Синдзо Абэ, доктрина, Япония, внешняя политика

Кіріспе

Әлемдегі алдыңғы қатардағы, дамыған ұлы держава ретінде Жапонияның саясаты әрқашан бұқаралық ақпарат құралдарының, зерттеуші ғалымдардың, әр мемлекеттің арасында қызу талқыға түсіп отырады. Оның қай саласын алып қараса да, әр салада жетіп отырған жетістіктері өте көп. Ал экономикасы бойынша алғашқы төрттікке кіреді. 2021 ж. ЖІӨ бойынша Қытай, АҚШ, Үндістаннан кейінгі төртінші орында тұр. Электроника және робототехника, көлік өнеркәсібі жоғары деңгейде дамып отырған ел. Жапонияның негізгі жетістіктері ішкі саяси экономикалық мүдделерінің сыртқы саясатқа әсерінен жүзеге асып отыр. Бұл жерде бірнеше жыл бойы Жапонияның билігінде болған әр премьер-министрдің мемлекеттің дамуына қосқан үлестері зор. Солардың бірі - Синдзо Абэ. Синдзо Абэ алғаш рет премьер-министр лауазымына 2006 ж. келді. Алайда, 2007 ж. елдегі экономикалық жанжалдар мен жемқорлық мәселелері Абэнің алғашқы кабинетінің танымалдылығын төмендетті. Ал 2012 ж. өткен сайлау кезінде жоғары пайыз жинаған Либералды-Демократиялық партия(ЛДП) Синдзо Абэнің премьер-министр лауазымына қайтып келуінің бір себебі болды. Осылайша, Синдзо Абэ «Жапония қайта оралды» деген ұранымен премьер-министр қызметіне қайтып келді.

Синдзо Абэнің билікке екінші рет келуі басқа мемлекеттердің ғана емес, Жапонияның өзінде үлкен талқыға түсті. Жалпы, Синдзо Абэнің бірінші кабинеті кезінде атқарған істерінің нәтижесі ретінде, ол кездері Абэ Жапония саясатындағы беделін ұзаққа созыра алмады. Алайда, екінші рет премьер-министр болуға мүмкіндік алған Синдзо Абэ алғашқы билігі кезіндегі қателіктерін жөндеп, екінші билікте анағұрлым белсенді қызметтер атқаратынына сенім білдірді. Аталған ұраны көптеген мақалаларда жарияланып, сол кездері талқыға түскен негізгі оқиғалардың бірі болды. Брэд Глоссерманның [1, p.220] доктринаға қатысты айтқан пікірі бойынша, «Синдзо Абэнің мақсаты қарапайым: өз елінің бірінші дәрежелі ұлт ретіндегі мәртебесіне қатысты барлық күмәнді жою. Абэ әкімшілігі Жапонияның ұлттық мүдделерін нығайтуға және қорғауға мүмкіндік беретін жағдай жасауға баса назар аударды. Расымен, бұл мақсаттар мен шарттар Абэ Доктринасының негізін

құрайды, сонымен қатар, енді Абэ әкімшілігі доктринаны жүзеге асыру процесіндегі бірқатар іс-шаралар мен жағдайларға жаһандық басқару тетіктерін де қоса аламыз», - деген. Осылайша, Синдзо Абэ кезінде пайда болған Абэ Доктринасы мемлекеттің тек ішкі саясатын ғана емес, сыртқы саясатындағы біраз мәселелердің шешімін қарастырудың бір себебі болды. Премьер-министр лауазымында екі рет қызметте болған Синдзо Абэ өзінің барлық мақсаттарына жетпесе де, олардың іске асуына барынша күш салып, Жапонияның ішкі және сыртқы саясаттағы ролін нығайтуға тырысты. Осы мақсатпен, оның екінші кабинеті кезінде қабылданған Абэ доктринасы Жапонияда сол уақытта болған мәселелердің шешімін тауып, мемлекеттің ары қарай дамуына арналған қағидаларды ұсынды.

Сыртқы саясат – өз мемлекетінің немесе елінің мүддесі үшін басқа мемлекеттермен және елдермен қарым-қатынас барысындағы мемлекеттің халықаралық істердегі жалпы бағыты. Сыртқы саясат белгілі бір мемлекеттің басқа мемлекеттермен және халықтармен қатынастарын оның әртүрлі құралдар мен әдістерді қолдану арқылы қол жеткізілетін принциптері мен мақсаттарына сәйкес реттеледі.

Қазіргі таңда барлық мемлекеттердің бір-бірімен байланысы дүниежүзінде болып жатқан жағдайлар мен өзгерістерге тәуелді. Әр мемлекеттің өз ішкі саясатындағы мәселелер екінші елмен қарым-қатынасына әсер етеді. Осы тұста сыртқы саясатты жеке қарастыру маңызды зерттеулердің бірі болып отыр. Жапонияның сыртқы саясатына әр премьер-министрдің қалдырған жақсы да, теріс әсерлері бар. Солардың ішінде Синдзо Абэнің 2012 жылы қайта басқару лауазымына қайтып келуі Жапонияның сыртқы саясатына көптеген өзгерістер әкелді. Синдзо Абэнің бұл қадамы аймақтық саясатқа қатысты айтарлықтай өзгерістер әкелді. Бұл оның дамуының белгілі бір жаңа сапалық кезеңі туралы айтуға мүмкіндік берді. Аталған өзгерістер Абэ дәуірін сипаттайтын елдің сыртқы саяси бағытының ауқымды өзгерістерінің салдары болды. Синдзо Абэнің екінші кабинеті кезіндегі қызметінің сыртқы саясатқа әкелген ықпалы мен өзгерістері Абэ доктринасы аясында жүзеге асты. Осы орайда, Абэ доктринасы туралы кеңінен талдау мақаланың негізгі өзекті бөлігі болып табылады. Бұл мақалада Абэ доктринасы арқылы Жапонияның сыртқы саясатында орын алған өзгерістер мен жетістіктер қарастырылады.

Зерттеу әдістемесі

Мақалада Жапонияның ішкі және сыртқы саясатын дамытуға арналған Абэ доктринасы туралы қарастырылған. Бұл тақырып өзегіндегі негізгі зерттеулер шетелдік ғалымдардың, атап айтқанда, осы мақалада қолданған әдебиеттерге сай Шығыс Азия ғылымдарының докторы Х.Добсон, саясат ғылымдарының докторы, профессор А.Н.Панов, Халықаралық қатынастар ғылымдарының докторы норвегиялық Йенни-Линдгрэн В., саясат және экономикалық ғылымдар докторы Дж.Хэммингс, ҚР ГҒА тарих ғылымдары кандидаты Ф.П.Уразаева, халықаралық қатынастар ғылымының докторы Н. Махар, экономика ғылымдарының кандидаты Е.И.Сафронованың еңбектері мақалада талдау жасауға көмектесті. Сонымен қатар, бұл тақырып аясындағы зерттеулерді Лондон экономика және саяси ғылымдар мектебінің халықаралық қатынастар ғылымның докторы К.Хьюз, Такусюку Университетінің Әлемдік зерттеулер институтының президенті Т.Каваками, Rand корпорациясының саясаттанушысы Дж.Хорнунг жүргізген. Абэ Доктринасының Жапонияның сыртқы саясатындағы мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынасына қалай әсер еткеніне тоқтала кету үшін әртүрлі әлемдік ғалымдардың еңбектерін қарастыру әдісі қолданылды. Осы еңбектердің негізінде Жапонияның сыртқы саясатына талдау жасалды.

Нәтижелер мен талқылау

Билікке екінші рет қайтып келген Абэ болашаққа сенімді, белсенді лидер болып көрінді. Оның көшбасшылығының арқасында алдыға қойылған бірнеше мәселелердің шешімдерін табу көзделді. Олардың қатарына Абэномиканың көмегімен мемлекеттегі экономика жағдайын қалпына келтіру, Тынық мұхиттағы соғыстан кейін жапондар жайлы қалыптасқан

теріс түсінікті жою, сонымен қатар, Жапонияны қауіпсіздігі жоғары мемлекетке айналдырып, конституцияға өзгерістер енгізу болды. Осындай мемлекеттің жағдайын жан-жақты қарастыра отырып, саяси деңгейдегі белсенді түрде өзгерістер енгізу Абэ Доктринасы деген түсінікке әкелді.

Синдзо Абэнің доктринасы негізгі бес қағидаларды қамтиды:

1. Қоғамның құндылығы болып саналатын сөз бостандығын толықтай жүзеге асыру;
2. Теңіздегі құқық пен ережелердің үстемдік құруын жүзеге асыру;
3. Ашық, еркін экономикалық қарым-қатынастарға қол жеткізу;
4. Мәдени байланыстарды ары қарай нығайту;
5. Ұрпақтардың алмасуы арқылы, болашақ жастарға дамуға мүмкіндік жасау.

Жоғарыда көрсетілген қағидалар ішкі және сыртқы саясаттағы жағдайларды бірге қамтиды. Алайда, сыртқы саясаттағы жағдайды қалпына келтіруге арналған қағидалар, соның ішінде, экономикалық, қауіпсіздік, мәдени және теңіздегі жағдайға байланысты қағидалар басымдылыққа ие болып отыр. Сондықтан, Абэ Доктринасының сыртқы саясатқа тиімді өзгерістер алып келетіні күтілді.

Абэнің екінші рет билікке келген кездегі Жапонияның құлдырауын тоқтатуға және осы жерде Абэнің мәселелерді шешу кезіндегі өзіндік механизмдерін қарастырып өту керек.

Жапонияның қазіргі таңдағы сыртқы саясаты осы уақытқа дейін қалыптасқан тарихи кезеңдердің жалғасы ретінде қарастырылады. Себебі, Жапониямен өзара мемлекетаралық қарым-қатынасты қалыптастырып отырған Қытай, АҚШ, Корея Республикасы және Ресеймен байланыстар Жапонияның сыртқы саясатына үлкен ықпал етіп отырған негізгі мемлекеттер болып саналады. Жапонияның бұл мемлекеттермен тарихи тұрғыда әлі күнге дейін қарастырып келе жатқан мәселелері бар. Бұл Жапонияның айналасындағы басқа да мемлекеттермен қарым-қатынасына тікелей қатысты. Тиісінше, Жапонияның сыртқы саясаты талқыланған кезде, оның аталған мемлекеттермен сыртқы саяси байланысына назар аудару керек.

Осы уақытқа дейін Жапонияның ішкі экономикалық саясатына және қауіпсіздігіне көп көңіл бөлінді. Бұл дұрыс бағыт болғанымен, ол тар мағынада қарастырылды. Мысалы, халықаралық қатынастарда көбіне Жапония мен АҚШ, Жапония мен Шығыс Азия елдерінің байланыстарына көңіл бөлінді. Ендігі Абэнің жоспары бойынша Жапонияның сыртқы саясатындағы басқа да мемлекеттермен, сонымен қатар, Ресей, Орта Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасты жандандыру болды.

Жалпы, Абэ доктринасының пайда болуы кенеттен туындаған жағдай емес. Әр мемлекет өзінің мемлекеттік мүдделерін қорғау үшін басқа мемлекеттермен өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға тырысады. Осы орайда, сыртқы саясаттағы үрдістердің жүзеге асуына бірнеше факторлар әсер етеді. Соның ішінде, ұлттық қауіпсіздік пен экономикаға тоқталып кеткен жөн.

Адамның, қоғамның, мемлекеттің маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғалу жағдайы саяси тұрғыдан маңызды болып табылады. Ұлттық қауіпсіздік – бұл ұлттың негізгі құндылықтарына зиянын тигізу қаупін барынша азайта отырып, өзін-өзі қорғау, өзін-өзі жетілдіру үшін керекті қажеттіліктерді қанағаттандыру қабілеті [1, p.215].

Ұлттық қауіпсіздік мәселесі әр мемлекеттегі саясаттың негізгі құрылымы болып табылады. Бұл мемлекеттің және оның азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кепілдік береді. Ұлттық қауіпсіздік саясаты белгілі елдің заңнамасындағы мемлекеттік құжат, Конституция арқылы ресми түрде бекітіледі. БҰҰ Қауіпсіздік секторын реформалау жөніндегі жұмыс тобы атап өткендей, ұлттық қауіпсіздік саясаты қауіпсіздік институттарының заңдылығы мен азаматтардың құқықтарын қорғау үшін маңызды. Ұлттық қауіпсіздік саясаты қауіпсіздік секторын реформалаумен тығыз байланысты. Ол қауіпсіздік секторын реформалауды жүзеге асыру және бағыттау үшін стратегиялық негізді анықтайды. Ұлттық қауіпсіздік саясаты мемлекеттің негізгі құқықтық құжаттарына негізделетіндіктен,

оны дамыту да осы құқықтық базаны қайта қарауға және жетілдіруге мүмкіндік береді [2, с.8].

XXI ғасыр жаһанданумен бірге жаһандық күштер балансының жылдам өзгеруімен сипатталады. Ал Жапонияның айналасындағы қауіпсіздік жағдайы барған сайын шиеленісе түсуде. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі (АТМӨ) халықаралық қатынастардың жаһандық жүйесіндегі маңыздылығының тұрақты өсуі - қазіргі таңдағы әлемдік тәртіптің қалыптасуының ерекшелігі болып табылады. XXI ғасырдың екінші онжылдығында АТМӨ-дегі жағдай қақтығыс сипатындағы әлеуетінің сақталуымен, күштер теңгеріміндегі үдемелі өзгерістермен, өңірлік қауіпсіздік пен жекелеген мемлекеттердің қауіпсіздігіне жаңа қауіп-қатерлер мен сын-тегеуріндердің пайда болуымен және күшеюімен сипатталады. Бұл әсіресе Шығыс Азия аймағында айқын байқалады.

Аймақтағы шиеленісті күшейтуге ықпал ететін факторлардың бірі Солтүстік Корея болып табылады. Олар арандатушылық әрекеттері арқылы жаппай қырып-жою қаруларының, сонымен бірге, ядролық қарулар мен баллистикалық зымырандардың әлеуетін арттырып отыр. Солтүстік Кореяда Жапония мен Корея Республикасы аймағына нысанаға тигізе алатын кемінде мың баллистикалық зымыран бар деп саналады [3, р.954].

Келесі мәселе, жапон басшылығына Қытайдың әскери-саяси және экономикалық мүмкіндіктерінің тез өсуі, сондай-ақ оның халықаралық қатынастардың барлық салаларындағы белсенділігі үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. Сонымен қатар, Қытай билігінің Шығыс Қытай мен Оңтүстік Қытай теңіздерінің үстіндегі әуе кеңістігінде және олардың су айдындарындағы әрекеттері жапон тарапын бейжай қалдырып отырған жоқ [4]. Қытай Жапониямен дипломатиялық қарым-қатынасына қарамастан, Жапонияның Екінші Дүниежүзілік соғыс кезіндегі қимылдары үшін әлі күнге дейін өзінің наразылығын білдіруде. 1995 жылы Жапонияның премьер-министрі Томиити Мураяма Жапония тарапынан кешірім сұрағанымен, ешқандай өтемақы ұсынған жоқ. Дегенмен, бұл Қытай билігінің көңілінен шыққан жоқ. Сондықтан, бұл мәселе біраз уақытқа дейін ашық қалды.

Жапонияның сыртқы саясатта шешілмей келе жатқан тағы бір мәселе бұл көршілес мемлекеттер арасындағы территориялық келіспеушілік. Ресей тарапынан Оңтүстік Курил аралдары, Қытаймен арасындағы Сенкаку және Оңтүстік Кореямен Лианкур аралдарына қатысты дау Жапонияның қазіргі таңдағы территориялық келіспеушілікке әкеліп отырған мәселе болып табылады. Бұл аралдарды ресми түрде Жапонияның өз қарамағына қарату негізгі саяси жоспарлардың бірі. Алайда, бұл мәселеге қатысты даулар бірнеше жылдар бойы өзара біржақты шешімдерге ұласпай отырғаны белгілі.

Жалпы, тек Жапонияның ғана емес, әлемдегі барлық мемлекеттерге төніп отырған қауіп-қатерлердің бірі ретінде терроризм және киберқылмыстардың артуы болып табылады. Технологиясы жоғары дамып отырған елдер арасындағы ақпараттық қақтығыстың туындауы қазіргі заманның үлкен мәселесіне айналып отыр.

Аталған мәселелер Жапонияның ұлттық қауіпсіздік жағдайын қайта қарап, қажетті шаралар қолдануға әкеліп отыр. Себебі, Жапония үшін көршілес жатқан мемлекеттермен сыртқы саясат бойынша тұрақтылықты сақтау маңызды, ал қарым-қатынастар шиеленісе бастағанда өз мемлекетінің қауіпсіздігін алдыңғы орынға қою айқындалған бағыт болып саналады. Жоспар бойынша жүзеге асыруға арналған шаралардың орындалуы Жапонияның сыртқы саяси байланысындағы барлық мемлекеттермен қарым-қатынасына тікелей әсер ететінін ұмытпау керек. Абэ доктринасы осы мәселелерді шешуге бағытталған.

Синдзо Абэ алғаш рет премьер-министр лауазымында қызмет еткен кезде шығарған «Utsukushii Kuni he» («Әдемі елге айналу») кітабында Жапонияны әлемдегі ұлы державаға айналдыру туралы мақсаттары мен жоспарлары көрсетілген еді. Дегенмен, бірінші билігінде бұл мақсаттарына қол жеткізбесе де, екінші билікке келіп, өткен қателіктерін жөндеп, мемлекеттің алдында тұрған мәселелерді шешуге дайын болды. Осы орайда пайда болған Абэ Доктринасы арқылы демократияны, адам құқықтары мен бостандығын, нарықтық

экономиканы, қауіпсіздікті қарастыру негізгі жоспарда тұрды. Сонымен қатар, Жапония бірқатар мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынасын нығайтуы, соның ішінде, ортақ қызығушылықтары мен тиімді байланысы бар АҚШ, Австралия, Үндістан, ЕО және НАТО елдерімен бірқатар келісімшартқа отыру мәселелері болды [1, р.218].

Жапонияның ішкі және сыртқы саясаттағы беделін нығайту Синдзо Абэнің бірінші билігінен келе жатқан өзекті мәселе болды. Оның бастамасы ретінде 2006 жылы Абэнің кезінде сыртқы істер министрі болған Асо Тароның «Құндылықтарға бағытталған дипломатия» конференциясында айтқан сөзі бойынша, дипломатиялық бастамаларды алға жылжытқан кезде демократия, бостандық, адам құқықтары, заңның үстемдігі және нарықтық экономика секілді әмбебап құндылықтарға баса назар аудару керек екенін атап өткен [1, р.225]. Расымен, бұл тек сол уақыттың ғана емес, қазірдің өзінде өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Жапонияның әлемдегі белсенді орнын алуға кедергі жасайтын мәселелерді алдын-ала отырып, Жапонияның ұлы держава статусын қайтаруға болады. Бұл дегеніміз Абэ Доктринасы секілді мемлекеттің нығайюына арналған саяси деңгейдегі жоспарлар Абэге дейін де қарастырылып келген. Сонымен қатар, бұл доктрина Синдзо Абэнің билігімен аяқталады деп кесіп айтуға болмайды. Бұл жоспар кейінгі министрлердің міндеттері болып жалғаса бермек. Себебі, кез-келген елдің дамуы әр биліктің жауапкершілігі.

Синдзо Абэ өзінің премьер-министр ретінде жауапкершілігін сезіне отырып, Абэ Доктринасын жүзеге асыра бастады. Оның Абэ Доктринасы бойынша Жапонияның Конституциясына өзгерістер енгізу негізгі мәселе болды. Бұл үдеріс тек Абэ Доктринасына құрылғаннан кейін пайда болған жаңа жоспар емес. Синдзо Абэнің атасы Нобосукэ Киси Конституцияны қайта қарап шығудың маңыздылығын атап өткен. Бұл мемлекеттің әскери саясатындағы мүмкіндіктерінің кеңеюіне әкелетінін сенген [2, с.25]. Осы мақсатпен, Абэ кабинеті Жапонияның соғыстан кейінгі Конституциясын, атап айтқанда 9-баптағы бейбіт ережелерін, Жапонияның қорғаныс және қауіпсіздік істеріндегі минималды рөлін анықтай отырып, қауіпсіздік шарасы ретінде әскери өнімдерді экспорттауға ерікті түрде тыйым салуды қарастыру болды. Аталған мақсаттар конституцияның басқа да міндеттеріне қатысты, бірақ олар «жапондық емес», «батыстық» деп есептелді. Осы жерде Абэ кабинеті қарама-қайшы көзқарастарды ұстанды. Мысалы, 2012 жылдың сәуірінде билікке қайта келместен бұрын Либералды-Демократиялық партия (ЛДП) Конституцияның жобасын мақұлдады. Ол бойынша Ұлттық қорғаныс күштерін туралы 9-бап қайта жазылуы керек екені қарастырылатын болды. Алайда, бұл шараға халықтың қарсылығы туындағаннан кейін өзгерістер тоқтатылды. 2014 жылы шілде айында министрлер кабинетінің Жапонияның ұжымдық өзін-өзі қорғау құқығын жүзеге асыру туралы шешімі қабылданып, 2015 жылдың жазында қарқынды заң шығару процесі басталды. Алайда, бұл процесс Синдзо Абэнің премьер-министр лауазымынан кеткенге дейін толық орындалып үлгермеді. Бұл жоспарын соңына дейін жеткізе алмаған Абэ өкінішін білдірген болатын. Дегенмен, 2020 жылы Синдзо Абэнің орнына келген Ёсихидэ Суга кезінде 9-бапқа қатысты өзгеріс енгізуге арналған заң шығарушы база құруға қол жеткізді.

Сыртқы саясаттағы жағдайына келетін болсақ, Жапонияның сыртқы саясаттағы және қауіпсіздік саясатындағы белсенді және тәуелсіз мінез-құлқына кедергі келтіретін соғыстан кейінгі мәселелерді жеңуге деген ұмтылыс конституция сияқты нақты көріністерден асып түседі. Бұл соғыстан кейінгі кезеңде үстемдік еткен Тынық мұхиты соғысының тарихи түсіндірмелерін қамтиды.

Жапонияның жаһандық басқару деңгейіндегі сыртқы саясатта ұстанған бағыты бойынша, әлемдегі мықты мемлекеттерге қолдау көрсете отырып, олармен дипломатиялық қарым-қатынасты жақсарту болды. Жапония үшін өзінің ішкі және сыртқы саясатын нығайта отырып, басқа мемлекеттермен терең жаһандану жағдайында жұмыс істеу маңызды болды. Әлемдегі дамыған мемлекеттермен бірқатар мәселелерді талқылау үшін бірнеше кездесулер болып отырды. Бұл кездесулер саммит деңгейде өтіп отырды. Нәтижесінде, Жапония «Үлкен

жетілік» мемлекеттер арасында беделін көтерді [3, p.952]. Сонымен қатар, оған қолдау жасап отырған мемлекеттер болды. Оған жауап ретінде Жапония өзін ұлы державалардың бірі ретінде беделін жоғары деңгейде ұстап жүрді.

Абэ Доктринасының негізгі мақсаты – Жапонияның құлдырауын тоқтату және оның ұлы держава мәртебесін сақтау, соның ішінде, Қытайға батыл жауап қайтару. Алайда, Қытай және басқа да көрші мемлекеттермен қарым-қатынасты жақсарту мақсатында бір жылдың ішінде бірнеше жоғары деңгейдегі жаһандық басқару бойынша сұрақтар талқыланған кездесулер өткізілді. Соның ішінде, Синдзо Абэ кезекті саммитте Си Цзиньпин және Пак Кын Хемен кездескен кезде «ортақ стратегиялық мүдделерге негізделген өзара тиімді қатынастарды» қарастырды. Дегенмен, бұл сырт жағынан екі елдер арасындағы қарым-қатынасты нығайту деген мағынада көрінгенімен, бұл мәселенің шешімі одан да тереңде жатыр.

Жапонияның қауіпсіздік саясатындағы Тынық мұхиттағы мәселе бойынша АСЕАН мемлекеттерімен ортақ көзқараста болды. Жапония әр елдің ерекше саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты әр елдер үшін түрлі стратегиялар мен басымдықтарға ие. Айырмашылық Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауіпсіздік әлеуетін арттыруға көмектесетін ынтымақтастықтың бағыты мен қарқындылығында. Жапония қауіпсіздікке көбірек көңіл бөліп, Индонезияға, Филиппиндерге және Вьетнамға көп әскери көмек көрсетеді, өйткені бұл елдер Оңтүстік Қытай теңізінде заңдылықты орнатуға шақыруда негізгі серіктестер ретінде көрінеді [3, p.955]. Шығыс-Қытай теңізіндегі Сенкаку аралына қатысты Қытайға қарсы позициялары Жапония мен АСЕАН мемлекеттері үшін бірдей деңгейде болды. Осы орайда, АСЕАН мен Жапония арасындағы ынтымақтастықтың арқасында Қытайға қарсы тұру мүмкіндігі туды. Себебі, Филиппин, Вьетнам мемлекеттерінің Қытайға қарсы тұруы Жапонияның аймақтық қауіпсіздігіне белсенді үлес қосты [2, с.28]. Алайда, бұл мемлекеттер одағының бірлесіп екінші мемлекетке қарсы тұру деген түсінікке әкелмеу керек. Негізінде, АСЕАН ірі державалармен бейтарап қарым-қатынаста болып, жанжалдардан аулақ болуға ұмтылады. Егер АСЕАН Жапонияның саясатын Қытайға қарсы тұру деген мағынада қабылдайтын болса, онда бұл АСЕАН мен Жапонияның ынтымақтастығына нұқсан келтіреді. Синдзо Абэнің Доктринасы жарияланғаннан кейін бұл доктринаның негізгі мақсаты Қытайға қарсы тұру деген пікірлерге әкелген еді. Ал Сингапурлық халықаралық қатынастар институтының басшысы Саймон Тэй «АСЕАН бірлестігін бұндай Жапония мен антиқытайлық коалицияға тартпау керек» деп ескерткен болатын. АСЕАН бірлестігінің Қытайға қарсы көзқарастары болғанымен де, бұл жерде мемлекеттер арасындағы тепе-теңдікті сақтау мәселесі бірінші орында тұрды. Сондықтан, Абэ Доктринасына қатысты саяси өкілдердің Жапонияның Қытайға қарсы позициясы бар деген пікірлері оның АСЕАН бірлестігімен ынтымақтастыққа келуге кедергі жасады. Дегенмен, сол кездері Абэ Доктринасына қатысты қалыптасқан қарсы пікірлерге қарамастан, Синдзо Абэ 2017-2018 жылдары Қытаймен қарым-қатынасын қалпына келтіре алды. Синдзо Абэнің прагматикалық көзқарасы антиқытайлық қозғалысын реттеу барысында Жапонияның сыртқы саясатына өзіндік пайда әкелумен көзделді [4]. Тиімді экономикалық қарым-қатынасты кеңейту, Шығыс Қытай теңізіндегі тепе-теңдікті сақтау мақсатымен Жапонияның тарапынан Қытаймен байланыстың жақсаруы жүзеге асты. Қытаймен екіжақты диалогты қалпына келтіру Синдзо Абэнің билікте болған кезіндегі қол жеткізген жетістіктерінің бірі болды.

Жапонияның саясатындағы жағдайды реттеп отыратын Абэ Доктринасына дейін басқа доктриналар да болды. Әр доктринаның өзіндік мақсаттары, құндылықтары болды. Соның ішінде, Абэ Доктринасына дейінгі Ёсида Доктринасы бар [1, p.218]. Бұл екі доктриналардың ұқсастығы – АҚШ-пен дипломатиялық қарым-қатынасының басымды деңгейде болуы. Ал Абэ Доктринасының Ёсида Доктринасынан айырмашылығы – бұл жерде қарулы күштерді нығайту, пацифизм саясатынан бас тарту, аймақтағы күштерді жобалауға ұмтылыс,

агрессивті «құндылыққа бағытталған» дипломатия. Осы бағыттағы реформалар Жапония Конституциясының 9-бабы ескіргенін және іс жүзінде қайта қаралу керек болғанын көрсетті. Бұл АҚШ-пен әскери байланысты кеңейту болып табылады. Қысқа мерзімде бұл Вашингтонға тиімді болды, себебі ол Қытай мен Солтүстік Кореяға қысым жасау үшін өсіп келе жатқан жапондық әскери күшті қолдана алды. Ұзақ мерзімде елдің әскери әлеуетін күшейту Жапонияны неғұрлым тәуелсіз сыртқы саясатқа объективті түрде итермелейтін болады. Жапония өзін Вашингтонның тең серіктесі ретінде көргісі келді. Осыған байланысты, Синдзо Абэ Жапонияның бұрынғы премьер-министрі, өзінің атасы Нобусукэ Кисидің 1960 жылы АҚШ пен Жапония арасындағы өзара ынтымақтастық пен қауіпсіздік кепілдіктері туралы келісімшартқа қол қойған саясатын жалғастыруда.

Келесі мәселелердің бірі – бұл Жапонияның сыртқы саясатындағы экономикалық жағдай. ХХ-ХХІ ғғ. аралығында Жапонияның халықаралық аренадағы ықпалы әлсірей бастады. Оның себебі 1991 жылғы «қаржылық сабын көпіршігі» болды, ол ұлттық экономиканың құлдырауын тудырды. Бұл құлдырау иенаның көтерілуіне, технологиялық аспектіде жапондық компаниялардың артта қалуына және елдің халықаралық саудаға тартылуының төмендеуіне әкелді. 1993-2012 жылдар кезеңінде Жапонияның әлемдік сауда айналымындағы үлесі екі есеге – 9,8-ден 4,5% - ға дейін төмендеді. Жапония Үкіметі халықаралық аренадағы рөлін қалпына келтіру, тоқырауды жеңу және Азия-Тынық мұхиты аймағында көшбасшылық ұстанымдарды сақтау үшін экономиканы қайта құру саясатын белсенді жүргізе бастады. Осы шаралардың бірі Абэномика саясатымен тығыз байланысты. «Абэномика» саясаты да Абэ доктринасының бір бөлігі болып саналады. Бұл Жапонияны экономикалық құлдыраудан алдын-алуға, экономикалық жағдайды жақсарту бағытталған. «Абэномика» шаралары бағдарламасы шеңберіндегі қазіргі заманғы сыртқы экономикалық саясат Қытай мен Корея Республикасы позициясының күшеюіне байланысты Жапонияны әлемдік және өңірлік интеграциялық процестерге белсенді тартуды көздейді [8].

Синдзо Абэ өзінің екінші әкімшілігінің ерекшелігі ретінде «ортақ стратегиялық мүдделерге негізделген өзара тиімді қарым-қатынастарды» атап өтті. Осы орайда, 2014 жылы Давоста өткен Пак Кын Хенің баяндамасына қатысып, Оңтүстік Кореяның Сыртқы істер министрі Юн Бен Семен өзара диалог өткізді. 2014 жылдың соңына қарай Пекиндегі кездесу қарсаңында Синдзо Абэ мен Юн Бен Се арасындағы екіжақты кездесу арқылы екі елдің татуласына бағытталған шаралар қарастырылды [1, р.219]. Бұл кездесу екі басшыларға ыңғайсыздық тудырғанымен, экономикалық дағдарысты басқару тетіктерін құрудың алғашқы қадамдарына әкелді.

Жапония үшін қауіпсіздіктің жаңа рөлін құруға бағытталған ел ішіндегі күш-жігер Абэ әкімшілігінің жаһандық басқару тетіктеріндегі сипатынан көрініс тапты. Синдо Абэ 2013 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында Абэ Доктринасының негізгі тірегінің бірі Абэномиканы алға жылжыту үшін бар мүмкіндікті пайдаланды. Бірақ Абэномиканы насихаттау барысында, соғыстан кейінгі режимді тоқтату қажеттілігін белгілейтін доктринаның басқа жағы да көрініс тапты. Бұл Абэнің «Жапонияның бейбітшілік ісіне қосқан белсенді үлесін» насихаттауынан, Жапония «БҰҰ-ның Ұжымдық қауіпсіздік шараларына, оның ішінде бітімгершілік операцияларына одан да белсенді қатысуы мүмкін» деген уәделерінен, Жапонияның «адам қауіпсіздігі» тұжырымдамасына деген адалдығынан байқалды.

Алайда, кез-келген жоспардың өзіндік әкелетін кемшіліктері мен қиындықтары болуы мүмкін. Сол секілді, Абэ Доктринасының мазмұны Жапонияның жан-жақты даму тетіктеріндегі негізгі мәселелерді шешу болғанымен де, ол шешімдердің салдары басқа мәселелерге әкелетіні байқалды. Мысалы, Хьюздің зерттеуі бойынша, Абэ Доктринасын жүзеге асыру бірқатар тәуекел қадамдардан тұрады, сонымен қатар, іске асыруға бағытталған мақсаттарының өзіне қауіп төндіруі мүмкін деген тұжырымға келген: «Доктрина жалпыадамзаттық құндылықтарға ұмтылады дегенімен, оның негізгі ревизионизмі бейтарап, сондықтан қарама-қайшылықтары бар. Доктрина соғыстан кейінгі режимді тарихи ревизионизм арқылы тоқтатуға тырысады, ал бұл өз кезегінде, тарихқа жүгіну арқылы АҚШ және Шығыс Азия мемлекеттерімен келіспеушілік тудырады. Ал доктрина АҚШ-қа тәуелділігі арқылы автономияға жетуге ұмтылады, бұл Жапонияның

теуелсіз егемендігінің жоқ екенін ойға салады». Брэд Глоссерман осыған ұқсас тұжырымдамасын келтіреді: «Синдзо Абэ және басқалары да әрдайым Жапонияның ұлы держава екенін ескере отырып, жүзеге асыру қиын немесе мүмкін емес стандарттарды жоспарлап алады. Бұл артынан сәтсіздіктерге әкелуі мүмкін. Жапония үшін өзінің мүмкіндіктері мен амбицияларын қайта қарап, оған баға бере алса, онда өзінің критерийлері мен шектеулеріне сәйкес келетін жоспарларға қол жеткізуіне болар еді» [1, p.222].

Дегенмен, Абэ әкімшілігі жаһандық басқару институттарының жұмысына қаншалықты қолайсыз болса да, Абэ Доктринасының қағидаларын ұстанды. Доктринаның төртінші қағидасы бойынша экономикалық мықты Жапонияны Абэномикамен құру жаһандық басқарудың негізгі жұмыстарына қолайлы сіңісіп кете алады. Алайда, Абэ әкімшілігінің назары ел ішіндегі мәселелерге шоғырланған, себебі ол осы халықаралық мақұлдауды ішкі оппозицияға қарсы ішкі қысым тұтқасына айналдыруды мақсат етіп, түсіндіруге, жылжытуға және халықаралық мақұлдауға қол жеткізуге барлық мүмкіндікті пайдаланды. Қатаң ұлттық мүдделердің өсуі және Жапонияның жаһандық басқаруға дәстүрлі интернационалистік көзқарасының әлсіреуі 2014 жылы Сыртқы істер министрлігінің элиталық шенеуніктерімен жүргізілген бірқатар сұхбаттарда көрініс тапты. Бұл жиындағы шенеуніктердің көбісі жаһандық басқарудың Жапония үшін, өздері үшін қандай маңызды екеніне қатысты түсініктері аз болды.

Жапонияның АҚШ-пен ынтымақтастығы туралы айта отырып, Вашингтон үшін Жапония қазіргі уақытта зымыранға қарсы қорғанысты дамытудағы ең маңызды серіктес және одақтас екенін баса айту маңызды. Алайда, Жапонияның өзіндік сыртқы саясатын қалыптастыру кезінде АҚШ-тың сыртқы саясатының ерекшеліктерін, Қытайдың өрлеуін, Ресей мен Қытайдың жақындасуын, сондай-ақ Корей түбегі айналасындағы қақтығыстың күшеюін ескеру қажет. Осы жағдайларда Жапония өзінің қауіпсіздігінің басты кепілі ретінде АҚШ-тың қысымын сезініп, АҚШ-пен одақтастық қатынастарды сақтап қана қоймай, сонымен бірге өзінің ұлттық мүдделерін ескеруге тырысуы керек. Алайда, Жапонияның өзіндік ұлттық мүддесін қалыптастыруға оның әлемдік аренадағы соғыстан кейінгі қос позициясы әлі де әсер ететіндігін атап өту маңызды. Осыған байланысты Токио Азиядағы пассивті рөлді ойнады, бұл АҚШ-тың көшбасшылық рөлін атқаруына мүмкіндік берді және Жапонияның Азия-Тынық мұхит аймағындағы интеграциялық процестерге қатысуының маңыздылығы төмендеді. Дегенмен, Дональд Трамп әкімшілігінің билікке келуімен және оның АҚШ-тың сыртқы саясатына енгізген өзгерістерімен Жапония өзінің саяси бағытын айқын әрі ашық жүргізе бастады.

Такусую Университетінің Әлемдік зерттеулер институтының президенті Такаши Кавакаמידің айтуынша: «Синдзо Абэ әлемде Жапонияның осындай шиеленісті және мазасыз уақыттарда өмір сүруін қамтамасыз ету үшін уақыттың және саяси жағдайдың барлық сұраныстарына жауап беретін, тек аймақтағы ғана емес, сонымен қатар ұтымды сыртқы саясатты ұстануды жалғастыра алатындай біліктілігі бар» [5]. Ғалым Жапон үкіметінің тек американдық-жапондық одаққа тәуелді саясаттан, тіпті американдық-жапондық одақ шеңберінде де, тәуелсіз дипломатияға ауысуын ерекше атап өтеді.

Жапонияның сыртқы және әскери саясатының өзгеруінің тағы бір маңызды себебі аймақтағы геосаяси жағдайдың өзгеруі және жаңа тәсілдерді іздеу мен қорғаныс саясатын жүзеге асырудың жаңа формаларын дамыту қажеттілігінің туындауы болды. 2015 жылдың қыркүйегінде қабылданған қауіпсіздік туралы заң жобалары Жапонияның халықаралық аренада қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін кеңейтті. Жапония үкіметі мұны «әлемге белсенді үлес» деп атады [6]. Осылайша, Тынық мұхитынан Үнді мұхитына дейінгі кеңістікті қамтитын және сауда-саттық пен ортақ саяси көзқараспен біріктірілген Азия-Тынық мұхиты аймағын одан әрі дамыту туралы өзінің көзқарасын баяндай отырып, Синдзо Абэ Жапонияның үлкен амбициясы бар екенін мәлімдеді. Аймақтағы негізгі экономикалық держава болуды «Қытай екінші планға шығарды. Алайда, Абэ үкіметі және оның елді жаңа саяси деңгейге шығаруға деген ұмтылысы кезінде бұл Жапонияның Азиядағы позициясын сенімді және Қытайдың экономикалық қалпына келуіне қарсы тұруға қабілетті етеді, сонымен қатар Трамп әкімшілігі тарапынан оқшауланушылыққа бейімделеді.

Rand корпорациясының саясаттанушысы Джеффри Хорнунгтың айтуынша, Синдзо Абэ Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін біріктіру үшін көп күш жұмсап, Қытайдың әскери күшіне қарсы тұруда бірыңғай тәсілдер, түсіністік пен тәртіпті дамыту қажеттігін талап етеді. Бұл жерде аймақтағы маңызды рөл атқаратын Жапонияның халықаралық құқық нормаларына негізделген барлық ынтымақтастық әрекеттерді алға жылжыту жауапкершілігін өз мойнына алуы өте маңызды. Хорнунг, сонымен қатар, Абенің жалпы аймақ дамуының кең көзқарасын дамытуға алты жыл бойы Жапония үкіметінің басшысы болғанына, Демократиялық партия мен бірге халықтың қолдауының арқасында екенін атап өтті [5].

Азия-Мұхит аймағының айналасындағы стратегиялық орта тез өзгереді және Жапония үшін осы аймақ елдерімен ынтымақтастықты дамыту және қарым-қатынасты нығайту өте маңызды болады. Сонымен бірге, Жапонияның тәуелсіз сыртқы саясатының маңыздылығын айта отырып, С.Абэ, өзінен бұрынғылар сияқты, жапон-американ одағына адалдық пен оның нығаюын жапон дипломатиясының негізі ретінде үнемі қарастырды. Сондықтан Жапония мен АҚШ одақтастығы шеңберіндегі ынтымақтастықты жалғастыра отырып, сондай-ақ неғұрлым тәуелсіз сыртқы саясатты жүргізе отырып, Жапония аймақтағы серіктестерімен, сонымен қатар, Азия-Тынық мұхиты аймағы және одан тыс жерлерде сенім мен ынтымақтастық орнату арқылы аймақтағы бейбітшілік пен өркендеуді ілгерілетуде неғұрлым ықпалды және белсенді рөл атқарды. Джефф Кингстон пікірінше, Абэ өзінің жетістіктерінің қарапайым тізімін қалдырды, бірақ өзінің ұлтшылдық көзқарасы бойынша қуатты әскери күші бар елді ғана қалдырмайды, олардың ізбасарларының оларды ары қарай жетілдіру құқықтарын қалдырды [5].

Жапонияның арал бойынша мәселелері әлі де оның сыртқы саясатындағы өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Жапонияның Курил аралдары тізбегін - Итуруп, Кунашир, Шикотан, Хабомаи соғыстан кейін Кеңес Одағы өз жағына қаратып алған болатын. Қазір бұл аралдар Ресейдің қарамағында тұр. Осыған орай, Синдзо Абэ Ресеймен дипломатиялық қарым-қатынасты қалпына келтіріп, Жапонияға тиесілі аралдарды өздеріне қайтарып алуды мақсат етті. Жапония мен Ресей 2012 жылдан бастап түрлі салада, соның ішінде, экономикалық тұрғыда тығыз қарым-қатынасты қалыптастыра бастады [7]. Ал аралға байланысты мәселе бойынша Ресей өз тарапынан Жапонияға тек екі аралды қайтаруға ұсыныс жасады, ал Синдзо Абэ бұл шарт келіскен болады. Алайда, Жапония аталған шартқа келісімге бармай, аралдардың түгел қайтарылуын талап етті. Бұған келіспеген Ресей ақырында 2019 жылы аралдардың ешбірі Жапонияға қайтарылмайтынын мәлімдеді. Осылайша, Курил аралдарына қатысты мәселе ашық күйінде қалды.

Қорытынды

Абэ екінші әкімшілігі кезінде құрылып, жартылай жүзеге асқан Доктринасы арқылы аз да болсын Жапонияның саясатына өзгерістер әкелуге тырысты. Синдзо Абэ басқа премьер-министрлерден өзінің Конституцияны қайта қарастыру, Қытаймен қарым-қатынасты қалпына келтіру, жаһандық басқару тетіктеріне араласу секілді үлкен мәселелердің арасында жүріп ерекшеленді. 2020 жылы премьер-министрдің денсаулығына байланысты жағдайға сәйкес кенеттен қызметінен кету шешімі оның Абэ Доктринасының тоқтауына әкелді. Абэнің бастауымен қарастырылған мәселелер Абэнің екінші кабинеті кезінде тек қолға алып басталғанымен соңына дейін іске асып үлгермеді. Алайда, бұл Доктрина бойынша қарастырылатын мәселелердің ары қарай шешімін табуды тоқтатпайды. Абэнің орнына келген жаңа премьер-министр Ёсихидэ Суга Абэ Доктринасының жүзеге асырылуын жалғастыратынын мәлімдеді. Бірнеше жылдар бойы сыртқы саясатпен бірге, ішкі саясатта да қызу талқыда болған Конституцияға қатысты мәселе әлі де ашық күйінде қалды. Ал Жапонияның Қытаймен байланысы ақырындап қалпына келгенімен де, екі ел арасындағы шиеленіс толық аяқталған жоқ. Себебі, бұл аз ғана уақыттың ішінде шешіліп бітетін мәселе емес. Сол секілді, аралға қатысты Жапонияның Ресеймен дипломатиялық байланысы ресми түрде шешілмеді. Бұл ретте Абэ Курил аралдары бойынша ешқандай жаңа нәтижеге қол жеткізе алмады.

Абэ Жапонияның саяси тарихында ұзақ уақытқа премьер-министр лауазымында болғанымен, көптеген жоспарлары соңына дейін жүзеге асып үлгермеді. Себебі, Абэ өз мойнына өте ауқымды мәселелердің шешімін табуды алған. Бұл мәселелер аз ғана уақыттың

ішінде шешіліп қойылмайтындықтан, оларды ары қарай қарастыру бірнеше жылдарды қажет етеді. Өзіне сенімді болған Абэ екінші кабинеті кезінде осы жоспарларына позитивті көзқараспен қарап, соңына дейін аяқтауды жоспарлаған болатын. Дегенмен, бұл Абэнің екінші кабинеті Жапонияға ешқандай пайда әкелмеді деп айтуға болмайды. Есесіне Абэ әкімшілігі Жапония үшін өзекті мәселелердің шешілуіне қадам бастап берді. Ендігі Жапонияның саяси тағдыры келесі премьер-министрлердің құзырында қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Dabson H. *Is Japan really back? The «Abe Doctrine» and Global Governance //Journal of Contemporary Asia.* – Шеффилд, 2017. vol. 47, №. 2, 199–224
2. Панов А. *Внешиеполитические приоритеты премьер-министра Японии Абэ Синдзо //Внутренняя и внешняя политика.* – Москва, 2016. С.7-36
3. Mahar N. *Japan’s new ASEAN diplomacy: strategic goals, patterns, and potential limitations under the Abe administration //International Journal of Social Science and Humanity.* – Vol. 6, No. 12, December 2016
4. Hemmings J. *Shinzo Abe: Foreign Policy 2.0 //Harvard Asia quarterly.* – Harvard Asia Quarterly, 2013. p.8-14
5. Сафронова Е.И. *Вызовы и угрозы безопасности и стабильности Азиатско-Тихоокеанского региона с позиции Японии //Актуальные проблемы международных отношений и международного права.* – Москва, 2019.
6. Уразаева Ф.П. *Внешняя политика Японии в современном этапе// Теория и проблемы политических исследований.* – Алматы, 2018.
7. Йенни-Линдгрен В. *New dynamics in Japan–Russia energy relations 2011–2017 // Journal of Eurasian Studies.* – Осло, 2018.
8. Субботина К. В. *Либерализация внешней торговли Японии в рамках программ абэномики //Управленческое консультирование.* – 2017. – № 4.
9. Афонин Б.М. *Синдзо Абэ новый премьер-министр Японии //Россия и АТР.* –2007. – №1.
10. Кистанов В.О. *Политика Японии в Северо-Восточной Азии: проблемы и тенденции // Ежегодник Япония.* – 2015. – №44.

References:

1. Dobson H. *Is Japan really back? The «Abe Doctrine» and Global Governance //Journal of Contemporary Asia.* – Шеффилд, 2017. vol. 47, №. 2, 199–224
2. Panov A. *Vnešnepoliticheskie prioritety premer-ministra Japonii Abe Sindzo //Vnutrennaja i vnešnaja politika.* – Moskva, 2016. С.7-36
3. Mahar N. *Japan’s new ASEAN diplomacy: strategic goals, patterns, and potential limitations under the Abe administration //International Journal of Social Science and Humanity.* – Jökärta, Vol. 6, No. 12, December 2016
4. Hemmings J. *Shinzo Abe: Foreign Policy 2.0 //Harvard Asia quarterly.* – Harvard Asia Quarterly, 2013. p.8-14
5. Safronova E.İ. *Vyzovy i угрозы bezopasnosti i stabilnosti Aziatsko-Tihookeanskogo regiona s pozisii Japonii //Aktualnye problemy mejdunarodnyh otnošeni i mejdunarodnogo prava.* – Moskva, 2019.
6. Urazaeva F.P. *Vnešnaja politika Japonii v sovremennom etape// Teoria i problemy političeskix issledovani.* – Almaty, 2018.
7. İenni-Lindgren V. *New dynamics in Japan–Russia energy relations 2011–2017 // Journal of Eurasian Studies.* – Oslo, 2018.
8. Subotina K. V. *Liberalizacija vnešnei torgovli Japonii v ramkah program abenomiki //Upravlenčeskoe konsultirovanie.* – 2017. – № 4.
9. Afonin B.M. *Sindzo Abe novyi premer-ministr Japonii //Rosia i ATR.* –2007. – №1.
10. Kistanov V.O. *Politika Japonii v Severo-Vostochnoi Azii: problemy i tendensii // Ejegodnik Japonia.* – 2015. – №44.

ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ МІНБЕСІ ТРИБУНА ЗАРУБЕЖНЫХ УЧЕНЫХ TRIBUNE OF FOREIGN SCIENTISTS

МРНТИ 11.15.81

<https://doi.org/10.51889/1405.2022.50.37.001>

*Абхари А.Ш. **

Цифровой университет Талала Абу-Газале, Иордания

СТРУКТУРА СОВРЕМЕННОЙ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЭЛИТЫ

Аннотация

Понятие «элита» всегда играло важную роль в теориях и концепциях гуманитарных дисциплин. Ведь элитные группы необходимы для любой сферы деятельности человека, поэтому интерес общества к проблеме политической элите, лидерства, к современным теориям и их истокам, закономерен и естественен. Власть современных элит базируется на современных ценностях, к которым относятся, в частности, промышленный (особенно финансовый) капитал, образованность, профессиональные достижения и др. Соответственно, к современным элитам принадлежат предприниматели, образованные политические лидеры, представители научно-технической интеллигенции, деятели искусства, но не все, а только те, кто непосредственно или косвенно занимает властные позиции или имеет возможность существенно влиять на принятие политических решений. Политологи предлагают целый ряд вариантов классификации элит согласно типичным объединяющим признакам: например, согласно позиции в управлении обществом – правящая (то есть непосредственно обладающая государственной властью), оппозиционная (контрэлита), высшая, средняя, административная элиты.

Ключевые слова: элита, правящей группы, демонстрация, управление, лидерства, Власть, политические лидеры, политических решений, принятие политических решений, контрэлит, оппозиция.

*Абхари А.Ш. **

Талал Абу-Газале цифрлық университеті, Иордания

ҚАЗІРГІ САЯСИ ЭЛИТАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Аңдатпа

«Элита» ұғымы гуманитарлық пәндердің теориялары мен тұжырымдамаларында әрқашан маңызды рөл атқарды. Өйткені, элиталық топтар адам қызметінің кез-келген саласы үшін қажет, сондықтан қоғамның саяси элита, көшбасшылық, қазіргі теориялар мен олардың бастауларына деген қызығушылығы табиғи. Қазіргі элиталардың күші қазіргі құндылықтарға негізделген, атап айтқанда өнеркәсіптік (әсіресе қаржылық) капитал, білім, кәсіби жетістіктер және т.б. Тиісінше, қазіргі элиталарға кәсіпкерлер, білімді саяси көшбасшылар, ғылыми-техникалық интеллигенция өкілдері, өнер қайраткерлері жатады, бірақ бәрі емес, тек тікелей немесе жанама түрде билік позициясын ұстанатындар немесе саяси шешімдер қабылдауға айтарлықтай әсер ету мүмкіндігі бар адамдар. Саясаттанушылар әдеттегі біріктіруші белгілерге сәйкес элиталарды жіктеудің бірқатар нұсқаларын ұсынады: мысалы,

қоғамды басқарудағы ұстанымға сәйкес – басқарушы (яғни тікелей мемлекеттік билікке ие), оппозициялық (қарсы элита), жоғары, орта, әкімшілік элиталар.

Түйін сөздер: элита, басқарушы топ, демонстрация, басқару, көшбасшылық, билік, саяси көшбасшылар, саяси шешімдер, саяси шешімдер қабылдау, қарсы элита, оппозиция .

*Azhari A. **

The Talal Abu-Ghazaleh Digital University, Jordan

STRUCTURE OF THE MODERN POLITICAL ELITE

Abstract

The concept of «elite» has always played an important role in the theories and concepts of the humanities. After all, elite groups are necessary for any sphere of human activity, so the interest of society in the problem of the political elite leadership, in modern theories and their sources is natural, legitimate, acceptable concept. The power of modern elites is based on modern values which include in particular, industrial (especially financial) capital, education, and professional achievements, etc. Accordingly, the modern elites include entrepreneurs, educated political leaders, representatives of the scientific and technical intelligentsia, and artists who directly or indirectly occupy positions of power or have the ability to significantly influence political decision-making. Political scientists offer a number of options for classifying elites according to typical unifying features. For example, according to the position in the management of society - the ruling (that is, directly in possession of state power), the opposition (counter-elite), the highest, middle, and administrative elites.

Key words: elite, ruling group, demonstration, management, leadership, Power, political leaders, political decision-making, political decision-making, counter-elite, opposition.

Введение

Все мы являемся свидетелями глубоких и качественных перемен и трансформаций, которые характеризуют современный мир, это в полной мере затрагивает каждого. В связи с этим закономерен и естественен интерес общества к проблеме политической элите, лидерства, к современным теориям и их истокам. Чтобы правильно понять суть политической элиты, прежде всего необходимо выяснить понятие «элита». Феномен элиты изучается социально-политическими науками, этому феномену обязана своим появлением теория элит – элитология, в создании которой решающую роль основоположников сыграли труды В. Парето, Г. Моска, Р. Михельс, М. Вебер, Ж. Сорель и ряда других социологов и политологов. [1, С.31]

Понятие «элита» всегда играло важную роль в теориях и концепциях гуманитарных дисциплин. Ведь элитные группы необходимы для любой сферы деятельности человека.

Элитаристские концепции имеют глубокие мировоззренческие, философские, теоретические, методологические корни и традиции.

Как бы ни казались сегодня особыми, специфическими и неповторимыми преобразования в разных сферах, элитарность, в целом, представляет собой универсальный социально-политический феномен, и, безусловно, политологический анализ элиты возможен только на основе принципов, формируемых в русле социальной философии.

Вопрос о существовании элиты всегда был одним из важных аспектов исторического развития. И, как правило, именно люди всегда являлись субъективным началом истории человечества. Но ведь каждый человек-это индивид, каждый представляет собой либо двигатель, либо тормоз социального прогресса, либо пассивный элемент. Данные категории можно соотносить с разными классами и социальными группами.

Говоря об элите, мы непосредственно сталкиваемся с проблемой разделения труда, которая, в свою очередь дифференцирует общество на управленцев и управляемых. Суть этих различий в биологических, психофизических и иных различий между людьми. Не каждому дано быть лидером.

Ensuring the preservation of the national value of the people of Kazakhstan is an important condition for the formation of a democratic, secular, legal and social State. Only in the process of preserving and developing the national value of Kazakh society can economic growth, social progress and democratic development of the country be realized. To realize this important political objective, Kazakhstan, as an independent, sovereign and universally recognized State, has all the necessary economic, social and political resources.

Thus, the education and development of the national value of the people of Kazakhstan is a clear manifestation of the institutionalization of national policy. Everyone knows that this is a very important mechanism of Kazakhstan's experience of ethnopolitics. The Republic of Kazakhstan, in accordance with international human rights standards and as a member of the United Nations, fully ensures the rights and interests of all ethnic groups living in the State.

After gaining sovereignty, Kazakhstanis have a new understanding of civic principles - such political values as patriotism, which has incorporated such values as morality, citizenship, and responsibility. Patriotism, which is the source of the national basis, is respect for the history and traditions of other peoples, love for the native land, awareness and sensitivity, the ability to understand yesterday and the present and to combine multifaceted phenomena. As the outstanding scientist R. B. Absattov has also shown, in patriotic education in the Kazakh society: «Education of Kazakhstan patriotism is a system of influence on a person with the purpose of forming certain patriotic views, opinions, norms and principles, as well as his direction to actions in accordance with these views and principles» [12, p. 95]. «The law should care about the education of the young as it protects the morality of society. Without it, no state (democratic, oligarchic or so) can preserve itself», - quote I. Rau and R. B. Absattarvys in the analysis of the philosophical views of Plato and Aristotle on education and upbringing [13, p.99] has shown that the basis of society is upbringing and patriotism. Patriotic attitudes lead to clear goals in the education of young people. Therefore, national and political values should be formed as a companion of life of every citizen of the country.

If we look at the numerous theoretical analyses, it turns out that the patriotic actions of each person perceive the quality of the Motherland, realize before it great responsibility and risk for it. The structure of Kazakhstan's patriotism combines the political and social features of people of multi-ethnic society at all stages. Therefore, every citizen of Kazakhstan can become a true patriot of a sovereign state only if he brings his personal interests in harmony with the interests of a multinational society. «He becomes a patriot, receiving education and education, blending with the social environment and forming his civic identity. A man who with all his heart feels that his personal goal-interests are consonant with the public good and make a significant contribution to the development of the country, gets real happiness,» suggested Kassymjomart Kemelovich, eager to work for independence, to appoint a presidential personnel reserve and a youth grant «Generation of independent Kazakhstan».

Thus, the theories of humanistic education analysed above address various aspects of the spiritual development of the person, especially the problem of feelings. In recent years, the problems of the development of the spiritual personality in the theory of upbringing have become more relevant than the new methodological theory, which requires a new approach. By studying some humanistic theories in education, taking into account universal human values and national values, while studying the spiritual cognitive activity of the modern human community, we see the need to disclose the following important issues: development of self-consciousness, spiritual consciousness of the person; identification of directions of its improvement; determination of bases of theory of values in education; determination of bases of process of formation of the intellectual nation on the basis of common human and national values development.

Issues of inter-ethnic unity, domestic and foreign policy, including issues of the formation of inter-ethnic culture and patriotic education, are of primary importance in our country. Therefore, the main task before us is the formation of a personality worthy of the current course of the XXI century, through interconnection, and integration of national culture and world civilization. The appeal to self-assessment is the acquisition of our national wealth, and the development of our national consciousness. It is important that through the selection and implementation of national values in the learning process, from the spiritual riches of the noble heritage of the nation in the future, it is possible to educate generations who will rule the country, inculcate nationality and patriotism as in the family, and at school, to educate people, people who protect their state. The goal of national education is the harmonious development and development of national values and values that are universal, serving the present and the future of all mankind.

Conclusion

The issue of common human and national values is an integral part of political science. National and universal values form a value and normative system, which is formed in the process of the

emergence and development of society and is the result of a real interaction of ideals and interests of all social groups and classes or the world community. These are, first, the socio-political and moral positions that the overwhelming majority of the world's population or country recognizes. Secondly, social and political values, common human ideals, the national goal and the main ways to achieve it (social justice, human dignity, civic duty, values of good material position and the richness of spiritual life). Universal human and human values and values of natural riches, which in their essence and content have acquired a global character (questions of peace, disarmament, international economy, etc.). The history of centuries of political research shows that value systems are shaped and changed in the evolution of society. This can also be seen in Kazakh society. Kazakhstanis have a unique system of social and political values, which reveals the soul of the person and traditions, mentality, the culture of society, the balance of public and individual personality, and common human and national identity. The common value of Kazakhstan has its origins in human and national values. In socio-political relations, represents the positions and interests of the overwhelming majority of the population. It follows that national and universal values do not contradict each other, but complement and enrich each other. Distinguishing the two terms as a whole, we have identified three main aspects in their relationship:

- The common identity of all mankind;
- Integrity inherent in a sequence;
- Variability-transition of society with development into a different state.

A number of factors can explain the importance of addressing the interrelationship and interdependence of national and universal values. First, it is necessary to take into account two objectively established trends, which have accelerated in the course of the development of the world historical process. On the one hand, the process of the internationalization of production, the exchange of information and scientific, technical and cultural development is deepening worldwide. This process is at the heart of internationalism, and the gradual global shift from national enmity to inter-ethnic cooperation is linked to the strengthening of this process. The integration of peoples is gaining ground in the world community. Peoples and civilizations have reached such a degree of foreign regional ties, economic interdependence or mental community that they can now continue to grow only by joining each other.

The content of the national values of peoples is determined by the way material and spiritual goods are produced and the type of social relations. The national values of ethnic groups constitute a unique law for the development of national relations and determine mutual rapprochement and mutual respect among nations and nationalities, national and ethnic groups and countries. The study of this issue is important and relevant for the multi-ethnic and multi-confessional Republic of Kazakhstan.

Thus, the problem of the human and national values of peoples is a complex and multifaceted phenomenon that requires careful consideration and study. Therefore, researchers face the challenges of a comprehensive study of new phenomena and processes in life of national values of the people of Kazakhstan and the development of theoretical conclusions that allow optimal solution of political problems. It should be noted that the problem of national values, including the problem of the people of Kazakhstan, in the writings of scientists, especially political scientists, is not fully considered as a separate, independent field of study.

In this context, it is necessary to deepen the preparation of the universalism methodology that we have used in studying national ethnic culture and its values.

Firstly, the political, exemplary, traditional values and ideals that exist in society as part of the political transformation of the system and institutions in the economic and social spheres, the State and the Government, are also likely to influence and give effect to government projects and decisions;

Secondly, the national, human, political values and ideals that exist in society can serve as a mechanism for the implementation of projects and programmes for economic, social, political, political and political change.

In addition, social values and traditions are the internal mechanism through which the authorities and the Government make and implement policy decisions to fundamentally change and modernize the State structure and administration, the existing political system and the regime. At the same time, it is obvious that social values will become the main mechanism for the consolidation of the population, the consolidation of citizens around large-scale changes and large-scale political and economic reforms implemented by the authorities and the Government. It turns out that significant political changes and transformations affecting the majority of the population must be based on and supported by existing human and national values in society.

On the basis of this position of integrity, it can be concluded that the common human, on the one hand, preserves and protects national values, all the advanced achievements achieved by peoples in the process of their historical development. On the other hand, it is the basis of the possibilities for agreement between countries.

The use of indicators of social and personal development in inter-ethnic relations in Kazakhstan leads to the conclusion that it creates conditions for the formation of the following values:

- cooperation between the peoples of the Friendship of Peoples, tolerance in the ratio of representatives of different nationalities;
- resolving issues arising in inter-ethnic relations, through negotiations, reaching agreement, taking into account all interests;
- respect for each other's culture, language and traditions;
- creation of equal conditions for achievement of spiritual values to all representatives of the people living in the republic;
- take into account the interests of all representatives of the population in personnel policy, admission to educational institutions;
- Development of cultural centres and theatres working in different languages of the people.

The achievement of these values determines the destiny not only of the individual but also of the entire people. That is, it is the guarantee of national integrity and unity of the Republic of Kazakhstan, state security and political and socio-economic stability.

The course of the study of the formation and development of common human and national values in a multinational Kazakh society made it possible to elaborate a number of proposals:

First, the opening of a scientific center under the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan, which studies human and national values, reflecting the scientific ways of solving its various problems, determining the ways of design and solution. It plays a key role in shaping personalities with great political activism, while preserving peace and tolerance among peoples.

Secondly, the opening of a program detailing the principles and functions of universal and national values on national television channels, reflecting the positive aspects of religious values, will contribute to the democratic development of national policy, which will lead our country to international harmony.

Thirdly, the education system plays a special role in shaping the values of citizens in a democratic society. The only way to form an intellectual nation is to educate our youth on a human and national value basis, therefore, it is advisable to conduct special courses in all universities of the republic.

Fourthly, there is a need to improve the political knowledge of individuals in the State and to use the media to shape citizens' attitudes that are in keeping with the foundations of a multi-ethnic and multi-religious society. The introduction of a special section in journals promoting the State language and values among people not only justifies the new political processes inherent in a multinational society but also strengthens public opinion.

Fifthly, reforms in the area of national policy should shape democratic values, taking into account the national, social and cultural characteristics of the country. It provides the basis for the stability and harmony of society and develops a stable system of political and social relations.

Sixthly, the formation of politically conscious, politically oriented citizens with a high level of political activity should be prioritized. The people of Kazakhstan should focus their actions on the goal of building a civilized democratic, legal and social State.

We believe that the main task of Kazakhstan in this direction is to create the conditions necessary to solve these problems, to provide new forms of their solution, will serve as a basis for a certain level of development of common human and national values in the Republic of Kazakhstan and formation of political outlook of citizens.

Thus, the bases of political analysis of Kazakhstan's national and common human values are fed by a complex complex complex of world scientific thought and turn to its basic principles. Here we have been guided by this accumulated experience of political analysis in our research. National values actively influence the nature of inter-ethnic relations, the development of the State, as well as its formation as a person and, to a large extent, are expressed through patriotism. They can therefore serve the public interest, reflected in the activities and education of individuals of a given ethnic group.

References:

1. Қазақстан Республикасы Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасы //Айқын. 2008. 2.
2. Нұрмұратов С.Е. Құндылықтар теориясы туралы тұжырымдамалар //Алматы ақшамы, 1998. – 8 маусым.
3. Әбсаттаров Р.Б., Садықов Т.С. Ұлтаралық келісімнің проблемасы және оны шешу жолдары // Ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі: жағдайы мен болашағы: Ғыл.-тәжіриб.конфер. материалдары. — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2007. – 143 с.
4. Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақала «Егемен Қазақстан» газеті, 5.01.2021ж. // <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (жарияланған күн: 05 Қаңтар, 2021)
5. «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасы //Айқын. 2008.
6. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003. – 336 б.
7. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – қазақстан дамуының басты бағыты» 27 қаңтар, 2012 ж. // <http://www.akorda.kz>
8. Ассамблея народа Казахстана: исторический очерк / сост. Тугжанов Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С., Шаяхметов Н.У. – Алматы: Раритет, 2010. – 304 с.
9. Қуанышбаева Ж.Ж. О некоторых проблемах формирования национальной ценности этносов Казахстана. / Шалтыков А.И., Қуанышбаева Ж.Ж. // Материалы за IX международна научна-практична конференция «Ключови въпроси в съвременната наука – 2013», – 2013. – Т.15. Политика. Закон. София. С.52
10. Сейсенбаева Ж.А. Роль национального воспитания в образовательном процессе // Наука и инновации. – 2010. Межд.науч.прак. конф. Прага. 27 ноябрь, 2010
11. Садырова М.С. Ценностные ориентации в структуре трудовой адаптации современной молодежи // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. №3 (58). 2016
12. Абсаттаров Р.Б., Садықов Т.С. Воспитание культуры межнационального общения студентов: теория и практика. – Алматы: Ғылым, 1999. – 212 с.
13. Абсаттаров Р.Б., Рау И. 2021. Платон И Аристотель о воспитании. Вестник «Социологические и политические науки». №2 (74). 2021. С. 95–101.

References:

1. Qazaqstan Respublikasy N.A.Nazarbaevtyñ «Intellektualdy ult-2020» ulttyq bagdarlamasy //Ajqyn. 2008. 2.
2. Nurmuratov S.E. Qundylyqtar teoriyasy turaly tuzhyrymdamalar //Almaty aqshamy, 1998. – 8 mausym.

3. Absattarov R.B., Sadygov T.S. *Ultralyq kelisimnin problemasy zhane ony sheshu zholdary // Ultralyq kelisimnin qazaqstandyq ulgisi: zhagdajy men bolashagy: gyl.-tazhib.konfer. materialdary.* — Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2007. — 143 s.
4. Q.Toqaeв «Tauelsizdik barinen qymbat» maqala «Egemen Qazaqstan» gazetі, 5.01.2021 zh. // <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (zhariyalangan kun: 05 Qantar, 2021)
5. «Intellectualdy ult-2020» ulttyq bagdarlamasy //Ajqyn. 2008.
6. Nazarbaev N.A. *Tauelsizdik belesteri.* — Almaty: Atamura, 2003. — 336 b.
7. QR Tungysh Prezidenti N.A.Nazarbaevtyn Qazaqstan halqyna Zholdaуy «Aleumettik-ekonomikalyq zhangyrtu — Qazaqstan damuynyn basty bagyty» 27 qantar, 2012 zh. // <http://www.akorda.kz>
8. Assambleya naroda Kazahstana: istoricheskij ocherk / sost. Tugzhanov E.L., Kan G.V., Korobkov V.S., Shayahmetov N.U. — Almaty: Raritet, 2010. — 304 s.
9. Kuanyshbaeva Zh. *O nekotoryh problemah formirovaniya nacional'noj cennosti etnosov Kazahstana.* / Shaltykov A.I., Kuanyshbaeva Zh. // *Materiali za IX mezhdunarodna nauchna-praktichna konferenciya «Klyuchovi v»prosi v s»vremennata nauka — 2013», — 2013. — T.15. Politika. Zakon. Softya. S.52*
10. Sejsenbaeva ZH.A. *Rol' nacional'nogo vospitaniya v obrazovatel'nom processe // Nauka i innovacii.* — 2010. *Mezhd.nauch.praf. konf. Praga. 27 noyabr', 2010*
11. Sadyrova M.S. *Cennostnye orientacii v strukture trudovoj adaptacii sovremennoj molodezhi // Vestnik KazNU. Seriya psihologii i sociologii. №3 (58). 2016*
12. Absattarov R.B., Sadykov T.S. *Vospitanie kul'tury mezhnacional'nogo obshcheniya studentov: teoriya i praktika.* — Almaty: Fylym, 1999. — 212 s.
13. Absattarov R.B, Rau I. 2021. *Platon I Aristotel' o vospitanii. Vestnik «Sociologicheskie i politicheskie nauki». №2 (74). 2021. C. 95–101.*

**МЕРЕЙТОЙ
ЮБИЛЕЙ
ANNIVERSARY**

МЕРЕЙТОЙ – 75 ЖАС

ҰЛЫ ҒАЛЫМ, ТЕКТІ АЗАМАТ



Егер біздің замандастарымыздың, әріптестеріміздің арасынан бір адам шындыққа жетудің ең сенімді әрі бірден бір жолы ғылым деп, осы ойға бар жан-тәнімен беріле сенсе және осы жолға бар өмірін арнаса, ол әрине – ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор, жазушы Ғарифолла Есім болар. Ол – сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Ол жақында 75 жасқа толады.

Ғарифолла Есім сыртқы тұрпатымен де, ішкі дүниесімен де арыстандай әсер ететін азамат – сом тұлға, көпшіл, парасатты, дипломат, патриот, харизмі күшті тұлға. Көрнекті замандасымыздың, әріптесіміздің бұдан да басқа толып жатқан оң қасиеттері біртіндеп ашылып, өзінің қуатымен ерекше баурап алады. Ол қатысқан жиын әрқайсымызға әрқашан қызықты думан, ағылған ой-пікір ортасы болып көрінеді. Кіммен тілдесе де оны игілікке үйретуге, жақсы мәнерге баулауға тырысып бағады, өмірде көрген-білгендерін, қазақстандық, әлемдік құбылыстарды ұғынуын жасы кішілер мен шәкірттерінің бойына сіңірмек болады, оның көңілді де жайдарлы мінезі, әңгіме дүкенінің тақырыбын терең түсінуі, шығыс адамына тән сыпайылығы мен мәдениеті шыққан тегінің асылдығын, үлкен де әрқырлы табиғи дарын иесі екендігін паш етіп тұрғандай күшті әсер етеді.

Ол туралы не айтып, не жазу керектігін ойлағанда, сом тұлғасын неғұрлым толық жеткізуді пайымдағанда ғана ұғына бастайсың: ол бойына жақсылықтың бәрін жинаған талантты адам, ғалым, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы келісімді ұстаз-тәлімгер, жастарды игілікке бастайтын бірегей тұлға екенін түсінесің. Ал мақалада мен осы бағытта оның әсіресе, шығармашылығының қыры мен сыры туралы, қазақ философиясының, әрі білімінің дамып жетілуіне жасаған қызметі және оның парасаттылығы туралы талдау жасап ой бөліспекпін.

Жұмыс барысында Ғарифолла Есім өзін жоғары білікті педагог-әдіскер және ғылыми-зерттеушілік, тәрбиелік, оқыту жұмыстарын ірі ұйымдастырушы ретінде көрсетті. Ол философия ғылымының теориясын өмірлік тәжірибелермен шебер ұштастырып, оқудың қазіргі заманғы технологияларын қолдана отырып дәріс оқыған. Ғарифолла Есім оқу процесінің кредиттік білім беру жүйесіне өтуіне өз үлесін қосуда. Университеттің, республиканың оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу кеңестерінің жұмыстарына белсенді араласады. Оның ұсынысымен және тікелей қатысуымен білім беру бағдарламалары халықаралық беделге ие болды, бұл бағдарламалар халықаралық қорлар мен шетелдік ұйымдардың бірлесуімен немесе техникалық қолдануымен жүзеге асуда.

Ол Қазақстанның әр кезеңдегі даму барысында философия ғылымының жаңа бағытта теория және тәжірибелік тұрғыда жоғары деңгейлі республикамыз бен одан тыс жерлерде де танымал ірі ғалым-философ болып табылады.

Қазіргі қоғамдық сананың, қоғамдық ғылымдардың бітім болмысында, қозғалысы мен өзгерісінде философия ғылымының орны бөлек, оның ауқым аясына мәңгілік проблемалар да, кешегіні саралау мен бүгінгіні түсіндіру де, болашаққа ой тарту да кіреді. Мәңгілік пен кешегі де мейлі, пәлсапалық тұрғыдан бағамдап саралауды іске асыру қажеттілік пе? Қажеттілік! Мәселе басып озуда емес, бағыттың дұрыс болуында дейді шығыс даналары. Расында қоғам мен мәдениет ақиқатын танып, жөні, турасы былай екен-ау деп оны қоғам игілігіне айналдыруға жетер не бар екен. Дамыған дүниетаным, іргелі философияның әдіснамалық қызметі, міне осы үшін керек, қайбір құбылыстың

болмысын бастауында не жатқанының философиялық мәніне деген талпыныстар.

Осы бағытта ой жүгіртсек философия ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, профессор Гарифолла Есімнің философиялық еңбектеріне бет бұру қажеттігі туындайды, оның ішкі мазмұнына үңілуді қажет етеді. Өзінің барлық саналы ғұмырын қазақтың сана болмысын зерттеуге арнаған ол туған еліне өзінің: «Санадағы таңбалар» және «Сана болмысы» атты еңбектерін тарту етті. Бұл еңбектер ғалымның дүниетанымдық ізденістерінің, антропологиялық туындыларының ең маңызды, ең іргелі бағыты болып есептеледі. Соңғысы - он бес кітаптан тұратын топтама.

Сонымен қатар ол әртүрлі бағыттарда Ресейде Новосибирск қаласында «Даналыққа құштарлық» кітабын, Египетте араб тілінде «Жар жағасы» кітабын, Стамбулда түрік және орыс тілдерінде «Адамзат» кітабын, Америкада ағылшын тілінде «Хакім Абай» кітабын жарыққа шығарды. Шетелдік тәуелсіз сарапшылар мен пікір берушілердің бағасы бойынша, қазақ ғалымының бұл еңбектері әлемдік философия ғылымындағы тосын құбылыс: оларда тұңғыш рет қазақтың философиясына кешенді талдау жасалады, сонымен қатар Қазақстанның әлемдік философиясындағы ролінің күшеюі жөнінде ойлар ұсынылған. Автор нені жазса да нық сана болмысының терең бастауларын ақтарады және қазіргі заман тынысы туралы жан-жақты тұжырымдар жасайды. Басқаша айтқанда сана биігінен жеке фрагменттерді тұтастырып кешегі-бүгінгі заман картинасын ұсынады. Сонымен қатар елімізде өтіп жатқан сан алуан пікір таластар, конференция, конгресс, форумдарға катысуы, табиғат пен рух, сана мен саясат сияқты мәңгілік тақырыптарға арналған зерттеулері оның нәтижесі ретінде пайда болған туындылары өз алдына бір бөлек. Мысалы, елімізде өткен халықаралық конференцияда Иассауи дүниетанымы деген зерттеуі бас жүлдені жеңіп алды, әрине бұл автордың осы бағыттағы ерен еңбегінің жемісі екендігі ақиқат, қазақ ұлтының исламдық мәдениетке келуінің қайнар бастауларын терең білетін маманның ғана қолынан шығатын туынды еді.

Әлем мен қоғамда, қазақ елінің айналасында болып жатқан процесстерді және уақыт тынысын өткір сезінетін әрі қаламы қарымды философтың қазақ журнал-газеттері бетінде жарық көрген терең ойлы мақалалары мен ақпарат құралдарына берген сұхбаттарының біразын атап өтетін болсақ, олар ғалым шығармашылығының көп қырлылығын баяндайды. Олар: «Тәуелсіздік философиясы», «Бостандықтың бағасы», «Еркін ойлау немесе қазақ философиясы», «Тәуелсіздік және мұсылмандық», «Ұлттық ойлаудың қазіргі келбеті», «Зайырлылық және дінтану негіздері», «Данышпан Шәкәрім» еңбектерінде қазіргі заман және саясат жайын бағамдайды, әрі батыл, әрі қайталанбас ойлар айтады.

Енді біз еңбектер тақырыбына келетін болсақ: «Қазақстанда феодализм болған ба?», «Социализмнен қазақ жұрты не ұтты?», «Агония социализма» т.б. мақалаларында қайшылығы мол ХХ ғасырдың ақтандақтарын ақтара саралайды, аталған мәселелерге байланысты өзінің көзқарастарын батыл да еркін, халық санасына жеткізетіндей етіп айтады, сонымен қатар осы құбылыстарға алып келген қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени себептерді де ашып көрсетеді.

Осы бағыттағы ойды одан әрі жалғастырсақ, Ғ.Есім шығармашылығы ерекшелігін жеткізуді ойланған кісіге «бағалайды» немесе «саралайды» деп айтқаннан гөрі «ашқан жаңалығы» деген тіркесті жиірек пайдалануға тура келеді. Себебі, шынына келсек, автор -

идея генераторы, оның айтқан болжамдарының көпшілігінің дұрыстығын уақыт дәлелдеп жатады.

Осы ойымыз дәлелді болу үшін бірер мысал келтірейік. «Тәуелсіздік философиясы» атты еңбегінде осыдан бес ғасыр бұрын өткен туралы: «Тарихқа жаңа мемлекетпен бірге жаңа ұлт - қазақ ұлты енді. Бұл жаңалық болатын. Жаңалық қашан да болмасын жаңа теорияны, жаңа ілімді қажет етеді. Осындай ілім Асан Қайғының «Жер ұйығы болатын дей келе, осы ілімді қазіргі кезде қайта жаңғырту қажеттігін дәлелдейді. Асан Қайғының «Жер ұйық» туралы ілімі, қазіргі саяси тілмен айтсақ, «геополитикалық саясат» деп түсіндіреді. Осы идея арқылы қазақ елінің жаңарту мәселелеріне де тоқталады.

«Қазақстанда феодализм болған ба?» деген зерттеуінде ғалымның қазақ ауылында тапқа бөліну болған жоқ деген жаңалық пікірі де сол сияқты, айта берсек зиялы қауым назарын өзіне ерекше аударған жаңа идеялар галереясы көзге көрінеді. Бас кезінде зиялы қауым Ғарифолланың қолданысқа енгізген терминдеріне сескене қарағаны мен артынан оларды өздері де қолданып жатады, өміршеңдігін мойындайды.

Қоғамдық санада жиі қалыптасып қалған, философиялық ой-толғауды ұзын сонар қызыл сөз немесе лепіре әсірелеу көретін оқырманды профессор Ғарифолла Есім қаламынан шыққан материалдар әрі қысқа әрі нұсқа жазылуымен, тартымды да дәйекті сөзімен тәнті етуге тиіс. Бұған көз жеткізуге «Махаббат мұнарасы» атты мақаланы алып оқыған оқырман бірден түсінеді. Мақаланың шекесінде «Көзқарас» деген айдардың, ал, тақырып астында «Көне шыңдыққа жаңа пікір» деген сөздің тұруы тек емес. Автор аталған мақалада зерттеушілер назарынан тыс қалды деуге келмейтін көне дастанымыз «Қозы Көрпеш-Баянхұлудағы» кісі және жер-су аттары туралы көптеген соны пікірлер айтып, тың түсініктер береді. Айталық, Аязқоз жеріндегі ғашықтар күмбезі заман ағысын өзгерткен ірі геосаяси оқиғаға байланысты қойылған деген топшылау дәлелденеді. Қорытындылайтын болсақ, үйреншікті көзқараспен ортодокстік танымғасын көзімен, жаңа заман тұрғысынан қарау, талдау, философиялық дүниетаным жағынан келу Ғарифолла Есім стилі болып табылады деп айтуға болады. Автор осы дастанның қазақ тілін, ұлттық дәстүрін, әлеуметтік-рухани құндылықтарын қалыптастыруға тигізген әсерлері мен маңызын дәлелді түрде ашып береді.

Жалпы алғанда, Ғарифолла Есімді көрнекті ғалым ретінде мойындатқан тек теориялық еңбектері ғана емес, ғылыми танымдық публицистикасы десек те ақиқаттан алыстамаймыз. Егемендік алғаннан кейін рухани қазынамыздың ең асқақ шыңы болып есептелетін Абай философиясын: теориялық жағынан зерттеп, абайтану саласында терең із қалдыру профессор Ғарифолла Есімнің еншісіне тиді. Бұл барша зиялы қауымға аян. Ғарифолла қазақ білімінің қара шаңырағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Абай дүниетанымындағы Алла және адам» тақырыбына докторлық диссертация қорғағанда мен сол кеңестің жұмысына қатысқан куәгерімін. Одан кейін де автор жүзге жуық Абай мұрасы туралы мақала жазып, қазақ мәдениетіндегі данышпан Абайдың дана рухын айқара ашты. Көзі қарақты зиялы қауымның есінде болар, ұлы Абайдың туғанына 150 жыл толуына арналған бүкіл халықтық той күндері осы тойға ерекше үлес қосқан ғалымдар ішінде Ғарифолла есімі де аталды. Себебі, сол кезде жарық көрген «Хакім Абай» кітабы Абайдың даналық дүниетанымына ерекше көңіл бөлген қалың бұхара халқымызды бір риза қылып тастады. Бұл еңбек ғалымдар тарапынан да өте жоғары бағаланды. Ұлы ақынның әлемдік тойы қарсаңында Ғарифолла Есім қазақ радиосында эфирге шығып жұма сайын Абайдың қара сөзін бір-бірлеп талдауды жүзеге асырды, бұл іс-шара Ғарифолланың даңқын зорайтқаны соның дәлелі еді.

Қазіргі қазақ мәдениеті мен философиясын зерттеушілер «Хакім Абай» кітабына арқа сүйеп теориялық еңбек ретінде пайдаланады, осы еңбектен кейін «Хакім Абай» термині ғылыми айналымға енді. Осы ғылыми монографияда жаңашыл пікірлер мен ізденгіш ойлар мол айтылып, бұрын аса зерттелмеген мәселелер өз шешімін таба бастады. Нақтырақ тоқталатын болсақ Абайды философ деуге бола ма, болмай ма деген мәселе жайлы ғалым: «Иә, Абай философиялық жүйе құрастырмаған ойшыл, бірақ оның дүниетанымында жүйе жоқ дегенге келісе алмаймыз. Абайдың әлемге көзқарасы қалыптасқан, өзіндік философиялық түйіндері бар ғұлама» - деп нақты пікір айтады. Абайдың философиясы дегенде алдымен ауызға алатынымыз 38 қара сөз екені мәлім. Ал әйгілі қара сөздің негізгі

идеясы неде? Осы қиынның қиыны болатұғын. Абайдың даналық трактатында діни ислам мен ғылыми ислам, рационалистік пен суфистік көзқарастар қамшының өріміндей жымдаса кіріккендіктен, оларды айырып, ажыратуға табан тірерлік біртүбірлі идея керек болатұғын. Осыған «Хакім Абайдың» авторы жөн сілтеп, жол көрсетті, бағыт бағдар берді.

Ол 38-ші қара сөздің негізгі идеясы «Ғұмыр өзі - хакият» деген Абайдың сөзінде, өйткені, бар мәселенің кілті - ғұмыр деп көрсетті. Сойтіп әйгілі 38-ші қара сөздің сырына бойлауға айқара жол көрсетілді, барлық зиялы қауым бұл ойлардың ақылға сиятындығы мен келісіп, мойындады.

Есімі бүкіл республика көлемінде белгілі абайтанушы ғалым Абайдың дүниеге көзқарасын әртүрлі аспектілерде қарастырып келеді. Айталық, «Ой көзімен оқып қара», «Абай және Ренессанс», «Абай ағартушы болған ба?», «Қазақ философиясы және Абай» атты танымдық мақалалары әр жылдары мерзімдік баспасөз беттерінде жарық көрді, басқаша айтқанда, абайтану саласында Ғарифолла Мұхтар Әуезов салған жолды дамыта жалғастырған азамат.

Ол Қайым Мұхаметханов, Мекентас Мырзахметов сынды ғалымдардың өкшесін басты. Кейінгі толқын абайтанушылар ішінде алдыңғы шепке шығып, Абайтану мектебі өсіп-өркендеуіне бүгін де жан-жақты ат салысып, аянбай қызмет етіп келеді. Бұл абайтану бағытындағы еңбектері қазақ философиясын зерттеп одан әрі дамытудағы ең маңызды кезең болды. Ғарифолла Есімнің бұл бағыттағы еңбектері одан әрі қарай жалғасуда.

Ғарифолла Есімнің аса үлкен жетістіктерінің бірі, алғашқылардың бірі болып бастап, қазақ елі мәңгілік ұлттық идеясының жаршысы болып, осы идеяны жан-жақты ұлттық дәстүр мен ұлттық сана үлгілерінен ала отырып қыры мен сырын ашуы. Қазақ халқының рухани мәдениетінде, оның ішінде философиялық ойлау мәдениетінің тарихында ұлттық дамуға пәрменді әсер еткен идеялар болған және оны этноәлеуметтік кеңістіктен, халықтың рухани өмірінен іздеу тәжірибесі де үнемі көрініс беріп отырғанын айтуға болады. Себебі, қоғамдық болмысқа дем беруші идеяны ұсынатын жандар қобінесе данагөй тұлғалар болып келгені де талас туғызбайтын тарихи дерекке жатады, осы тұрғыдан алғанда ұлттық идеяға деген сұраныс, оған әлеуметтік және рухани мұқтаждық кез келген этнос үшін тарихи процестің даму ағымынан туындайтын заңды дүние болып келеді. Сондықтан белгілі бір әлеуметтік, саяси және мәдени кеңістікте қалыптасқан және өрбіген ұлттың ұлттық идея кездейсоқ құбылыс емес, халқымыздың мәдениеті мен әдебиетін жетік білетін, әлемдік әдебиетке де маман ретінде баға бере алатын Ғарифолла Есім, ұлттық идеяның қыр-сырын жақсы игерген, ол рухани ерекше дүние ретінде өзіндік тарихи болмыстың терең қатпарларында шындалып, тарихи процесс пен тарихи сана үшін қажетті құбылыс сипатында пайда болатындығын айқын да ашық етіп әрбір еңбектерінде көрсетіп отыр. Сонымен қатар ұлттық идея бірте-бірте қоғамдық құрылымдардың өзіндік пәрменді дамуына қажетті қозғаушы күшке айналады, сан қырлы саланы қамти түседі. Ал, енді осындай детерминациялық заңдылыққа бағынбаған кездейсоқ сипаттағы әлеуметтік ұрандар мен жасанды айғайлар саясаттың шылауына айналады және олар нағыз халықтық мағынадағы рухани дүние болып есептелмейді, билікке ұмтылған кейбір популистердің мүддесін қорғайтын қолшоқпарға айналады, осы мәселелерді қоғамдық санаға ашып көрсетуде Ғарифолла Есімнің қыруар еңбегін зиялы қауым жақсы түсінеді.

Ұлттық идея - қоғамдық санадағы әлеуметтік прогресті, пәрменді дамуды, әлеуметтің біртұтастануын қамтамасыз етуші рухани күш. Ол халықтың бұқаралық санасында белгілі бір орын алып қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік деңгейдегі белгілі бір саяси платформаға, әлеуметтік бағдарланған парадигма деңгейіне жеткенде тұтастанған ұлттық идеологияның құрамдас бөлігіне айналады. Бұндай деңгейдегі ұлттық идея мемлекеттік идеямен, бағдарлармен толығымен сәйкестенеді, барынша етенелесіп кетеді. Ондай тарихи тәжірибені, өзіндік әлеуметтік деректі кеңестік кезеңдегі социалистік, немесе коммунистік идеядан, немесе Қытайдағы «мәдени революция» идеяларынан көреміз. Қазақ елінің марксизм дәуіріндегі осы құбылыстарға қалай төтеп бергені туралы да Ғарифолланың еңбектерінде негізгі мәселелердің бірі ретінде қалыптасқан. Аталған әрекеттер, екіншіше орай, қоғамдық ортада үлкен зұлматты жағдайлар туындатты. Жоғарыдағы тоталитарлық

сипаттағы мемлекеттерде ұлттық идеяның өзі шынайы табиғи қызметінің түрі мен мазмұнын өзгертіп, барынша жалаң саясаттанған жағдайға дейін жеткенін де байқаймыз.

Сөйтіп, ұлттық идеяның халық үшін маңызы мен мазмұны сондай ерекше бола тұрып, оның кейде қоғамдық ағымды әртүрлі сағымдық, ауытқулы жолдарға түсіріп жіберетіндей қасиеттері болады. Ғылымда осындай тарихи процесті «әлеуметтік флуктуация», яғни үйлесімді дамудан әлеуметтік ауытқушылық деп бағалайды. Бірақ дегенмен тарихта түп-түзу сызықпен дамыған, немесе рухани мәдениеті бір векторда ғана өрбіген ешқандай ел жоқ, барлық халықтар тарихтың соқпақты жолдарында адасулар мен жол табуларды әр қилы көріністерін басынан кешкені белгілі, қазақ халқы да өзінің мемлекеттігін, мемлекеттік идеологиясын қалыптастыруда әлемдік үлгіге сай дамыды, Ғарифолла Есім әсіресе сенаторлық қызметте жүргенде, әлемнің көптеген елдерінде болып, оларды өз еліміздің жағдайларымен салыстыра алды. Осы көптеген іссапарлар мен кездесулердің жемісі ретінде оның осы кездегі жазған еңбектері ерекше түрленіп, көптеген жаңа идеялармен толысып, қазақ ұлтының мемлекеттік идеясы туралы көзқарастарын нақты бағыттарға бұрды.

Адамзат тарихындағы философиялық ойлау жүйелері белгілі бір деңгейде ұлттық немесе этностық құрылымдардың қалыптасуымен және дамуымен астасып жатқанын байқаймыз. Тарих сахнасында еврей халқы мен орыс халқының ұлттық идеялары туралы түсініктер айқын мағынада көрініс бергені белгілі. Сондықтан ежелгі Грекия еліндегі философияның қалыптасуы мен дамуы сол халықтың ұлттық идеясының өрнектелуіне әкелгені белгілі. Дәл соған ұқсас процестер мен құбылыстар сипаты көптеген халықтар тарихында көрініс береді, оларды бір-бірімен салыстыра отырып Ғарифолла Есім философ ретінде осы құбылыстардың ішінен қазақ халқының бірегейлігін көрсететін элементтерін айқара ашып, жаңа қазақ мемлекетін өркендететін энергетикалық күшін бағдарлайды.

Бұл мәселенің терең бастауларына келетін болсақ, онда қазақ халқының этностар тарихында ұлттық идеяға деген зәрулік ежелгі түркілік кезеңнен бері болған. Ол, әсіресе, қазақ халқының өзіндік жеке ұлт болып, өзіндік хандығын құрған заманда этноәлеуметтік күрделі процестерге, саяси қақтығыстарға байланысты кокейкесті құбылысқа айналады. Сөйтіп, тарихи процестің үрдістері қазіргі тәуелсіздік кезеңінде бұл құбылыстың маңыздылығын одан әрі арттырып отыр. Өйткені, шынайы ұлттық идея халықтың нағыз ойлау жүйесінен, яғни философиялық ой-санасына тікелей байланысты, содан туындайды. Философиялық негіздерге сүйенбеген жалпыхалықтық идея тарихта деструктивтік нәтижелерге алып келуі мүмкін. Мәселен, фашизм, шовинизм идеялары осындай роль атқарды, сол сияқты белгілі бір жағдайларға байланысты ұлтымыздың тарихында болған ақтандақ кезеңдердің себебінен, қазақ халқының мәдениетіндегі, наным-сеніміндегі, салт-дәстүріндегі исламның орны мен маңызын түсінбей, қазіргі экстремизм мен терроризмнің негізі болып отырған, кейбір діндегі ауытқушылықтар, рухани болмыс бітімдімізді дұрыс болжап, оны заман талаптарына сай етіп жаңғырту мәселелерінде академик Ғарифолла Есімнің жасап жатқан қыруар іс-шаралары, нағыз ұлтын сүйген азаматтың қызметі деп білуге болады.

Ғарифолла Есімнің қолға алған ерекше қызметінің бірі - міне, осыған орай қазақ халқының сан ғасырлық қордаланған даналығының еліміздегі ұлттық идеяның қалыптасуы мен дамуына қызмет атқару тарапынан қарастыру, оны әртүрлі теориялық және практикалық қырларынан талқылау қазіргі жаһандану заманында өзінің өзектілігін арттыра түсері анық. Қазақстан халқын біріктіруші, топтастырушы ұлттық идеяны пайымдаудағы сипаттар көпэтносты халқымыздың ынтымақта өмір сүруіне, еліміздегі рухани және әлеуметтік кеңістікті жаңғыртуға өз үлесін қосуы мүмкін екендігі белгілі. Бұл үдерістің негізгі өзегі болып табылатын қазақ халқының ұлттық келбетінің тарихи рауаждауын ғылыми тұжырымдау маңызды мәселе екені анық, сол мәселені шешу барысында ғалым аянбай еңбек етіп, қоғам мойындайтындай жемістерге жетіп жүргені әріптестері тарапынан зор сенімге болейді.

Қазіргі тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзіндік тәуелсіздік алуы қазақтың философиясының қалыптасуы мен дамуына жаңаша қарауға мүмкіндік берді, бұл процестің барысында тәуелді дамудың ұзақ жылдары бойында орнығып қалған әртүрлі кедергілерді жеңіп, жаңа бағдарларды игеруге тура келеді осы бағытта Ғарифолла Есім Әл-Фараби

атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің деканы болып тұрған кезде республикада алғашқылардың бірі болып «қазақ философияның тарихы» пәнінен жазған оқулығы өзінің батылдығымен, жаңашылдығымен осы бағыттағы айырықша маңызды еңбектерінің бірі болды. Қазақ халқының рухани қайта өркендеуі өзінің шынайы тарихын пайымдау арқылы, төлтума мәдениет пен ұлттық философияны қайта түлету арқылы жүзеге асырылады. Ол өз кезегінде пәрменді ұлттық идеяның қалыптасуына негіз болады, басқаша айтсақ, әрине ұлттық идеяның іргетасы қазақ философиясы. Осыны дұрыс түсінген Ғарифолла Есім бұл бағыттағы зерттеулерге ерекше көңіл бөлді.

Қазақтың рухани мәдениетін сонау түп тамыры түркілік кезеңнен бастау алады. Сондықтан ұлттық идеяның терең іргетастарын білу үшін түркілік ұлан даланың топырағында ғұмыр кешкен ғұламалардың әлеумет пен заманауи болмыс үшін ұсынған идеяларын да ескеруіміз қажет. Сондықтан Орхон жазбаларындағы түркілік қасиеттерімізді атаған қисындардан бастап, Қорқыттың тіршіліктегі «Өмір» деген құндылықты қалай қорғау қажеттілігі туралы идеяларымен жалғастырамыз. Қорқыт бабамыз өнер мен шығармашылықтың құдіретін өзінің күйлері арқылы әлемге паш етті. Сөйтіп, адами өмірге, әлеуметтік болмысқа қажетті күштің адамның өз бойында екенін көрсетіп бергенін атап өтуге болады.

Қорқыт туралы аңыздың түпкі астары адами тіршіліктің мәнін іздеу. Оны шығармашылықпен, өнермен, әлемге деген көркем бейнелер арқылы қатынас жасау идеясы нағыз жасампаздықтың белгісі деуге болады, осы ойлардың барлығы Ғарифолла Есімнің «Қазақ философиясы» атты оқулығында өте шеберлікпен өрнектеліп көрсетілген. Ұлттық дүниетаным мен ұлттық рух болмысына еркін, шығармашылық аспаптары қолданыла отырып ой жүгіртілген, өте маңызды теориялық болжамдар мен қорытындылар жасалған.

Ғарифолла Есім көрсеткен бұл рухани дәстүр қазақтың кең даласында нағыз ішкі, яғни имманетті ұлттық идеяға айналды. Қобызбен қатар қазақтың домбырасы тарихи белестерде нағыз рухани қаруға айналды, ол халықты іштей біріктірді және сонымен қатар соншама үлкен географиялық кеңістіктегі этностық әлеуметті бір-біріне тілдік, ділдік және идеялық жағынан алғанда жақындата түсті. Сөйтіп, ұлттық идеяның тұжырым түрінде жарияланатын экстравертті сипатынан гөрі, ғасырларды жалғастыратын, дәстүрді қиюластыратын имманетті түрде болатынын байқатты.

Міне, сондай рөлді қазақтың сан қырлы сипаттағы өнері атқарды. Оның ішіне даналыққа ұмтылған сөз қадірін биікте ұстаған философиялық ойлау дәстүрі де енеді, осы дәстүрлер Ғарифолла Есімнің қолданысында жаңа заман талаптарына сай Қазақстан халқының санасын жаңғырту үшін, оны бәсекелікке қабілетті ету үшін, заман талабындай етіп ұлттық прагматизмді қалыптастыру үшін, қазақ ұлтының ұлттық бірегейлігін сақтау үшін, ұлттық тәрбиеде білімнің салтанат құруы үшін жетілдіру қажеттілігі бағытында қозғалыстарға түсуде.

Қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрлі дүниетанымы рухани мәдениеті кезінде сыңаржақты түсіндіріліп келгені белгілі. Ғылыми әдебиеттерде қазақтың этномәдениетіндегі сипаттар дәстүрлікке негізделгендіктен, көшпенділіктің тарихтағы ролін кемсітіп қарастыратын еуропалық үстемдік көзқарастар басым болды. Мұндай теориялық және методологиялық негіздер мен идеологиялық шектеулер зерттеулерді жалған бағытқа бұрып, оның төл ұлттық болмыстан арасын ажыратып жіберді, халықтың тарихи болмысындағы ұлттық идеяның мағынасы көмескіленді. Шын мәнінде Асан Қайғының «Жерұйық» идеясы туған жердің киелілігі тұжырымына итермеледі. Сондықтан Қазақ хандығы тұсындағы көптеген жоңғарлармен шайқаста халықтың рухани әлемінде «Атамекен» идеясы тұрғанын да айта кетуге болады. Елінің қамын ойлаған әрбір ақын да, жырау да, би мен шешен де осы мәселені, осы идеяны айналып өткен жоқ, Ғарифолла Есімнің «Санадағы таңбалар», «Сана болмысы» атты еңбектері жаңа заман талаптарынан өскелең ұрпақтың санасын тазартуға рухани жаңғыртуға бағыт алған еңбектері болып есептеледі, осы алғашқы еңбектерінің өзінде-ақ академик Ғарифолла Есім ұлттық идея мен мемлекеттік идеологияны қалыптастырудың пәрменді іс-шаралары мен бағыт-бағдарларын көрсетіп, өзі осы іспен сөзінде де, істеген ісінде де жан аямай шұғылданды. Сол себептен де оны зиялы қауым мойындап мемлекетімізде ерекше орны бар тұлғалардың еңбектерін баяндайтын -

Қазақстанның білім мен ғылымына еңбек сіңірген тұлғаларға арналған «Өнегелі өмір» топтамасында, өнегелі өмір сериясының 105-шығарылымы Қазақ елі - мәңгілік ұлттық идеясының жаршысы ретінде мойындап, негізгі шығармаларынан үзінділер беруін философ ғалымдар, Ғарифолла Есімге көрсетілген ерекше сый-сыяпат деп есептеймін.

Мен әріптес, аға ретінде, Ғарифолла Есімнің ұлттық философиямызды заман талаптарына сай етіп дамытуға жасап жатқан еңбектері жемісті болсын деп, шын жүректен тілектестігімді білдіремін. Ол әлемді философиялық пайымдаудың ұлттық типі рухани мәдениеттің дамуының өзіндік көрінісі және оның қоғам дамуындағы пәрменді ролін зерделеді. Сонымен қатар, ұлттық философиялық ойда қалыптасқан идеялық тұжырымдардың тарихи тамырларын кәсіби тұрғыдан аша білді және олардың маңызы мен практикалық мәнділігін қазіргі жаһандану заманында арта түскендігін көрсетті. Қазақ қоғамының философиялық ойының тарихи эволюциясын оның этикалық бағдарларын қазіргі ұлттық идеямен жалғастырып оны ұлттық идеяның рухани бастауы ретінде көрсетті. Сонымен қатар, көп ғасырлық қазақ халқының философиялық және саяси-әлеуметтік ойын сараптау арқылы қазіргі қазақ елінің рухани, мәдени, саяси және гуманитарлық, экономикалық дамуы үшін тиімді ұлттық идеяны қалыптастырудың негіздерін анықтаушылардың бірі болып есептеледі.

